

ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ

5.2

Жылына 4 рет 15 тілде шығады

АҚШ-тағы әлеуметтану
дағдарысы

Иван Сзеленьи

Ізденістегі жаһандық
әлеуметтану

Гурминдер Бхамбра

Біз қалайтын
болашақ

Маркус С. Шульц

Шарли Эбдодан
кейін

Стефан Виауд,
Мейбл Березин,
Элизабет Беккер

Жаһандық симпозиум:

- > Пәкістандағы әлеуметтану
- > Ульрих Бекті еске алу
- > Ирланд әлеуметтануы

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association



Басылым 5/ Шығарылым 2/ маусым 2015
<http://isa-global-dialogue.net>

GD



> Редакциядан

Әлеуметтанудың болашағы мен болашақ әлеуметтануы

Ұсынылып отырған нөмір әлеуметтанудың болашағы туралы жаңа пікірлер легін ашпақ. Белгілі венгр әлеуметтанушысы Иван Сзеленьи АҚШ әлеуметтануы дағдарысының саяси, әдіснамалық және теориялықтан тұратын ұштағанын көрсетеді. АҚШ әлеуметтануы 1960-70 жылдары студенттерді қызықтырып, ынталандырған саяси артықшылықтарынан айырылып қалғанымен қатар, өзінің әдіснамалық артықшылығын жоғалтты, себебі, қазіргі кезде саяси ғылым мен экономика дамып келе жатқан «далалық» тәжірибелерді корреляциялық талдауды сақтауға әлсіз және классик ойшылдардан мұраға қалған теориялық қиялға иелік ете алмады. Америкалық әлеуметтану студенттердің жаңа толқынына иек артпастан өз жолынан адасып қалды. Бірақ бұл ақиқат болуы мүмкін бе?

Сзеленьи сияқты Гурминдер Бхамбра Солтүстіктің ерекше фокусына және еуропоцентризм өзегі болып табылатын «жергілікті» әлеуметтануларға, жаһандық космополитизм мен модернизация теорияларына да тым сыни тұрғыда шүйліге қоймайды. Жаһандық әлеуметтану ұсынып отырғандай, атап айтқанда, трансұлттық байланыстар қалыптастырған отарлық және постколониялық тәжірибелердің жаңғыруына осы ұстанымдардың ешқайсысы алып келе алмайды. Жаһандық әлеуметтану Оңтүстіктің қатысуынсыз өмір сүре алуы мүмкін бе? Екі пәкістандық жас әлеуметтанушы Лейла Бушра мен Хасан Джавид Пәкістанда ұлттық әлеуметтанушылар ассоциациясы және ХӘА 19 дербес мүшесі бар екеніне қарамастан, Оңтүстіктің көп елдерінде әлеуметтану (жаһандық әлеуметтану туралы айтпағанның өзінде) басынан көшіп отырған қиындықтарды баяндайды.

Оңтүстіктің Солтүстікке кірігуінің қаншалықты тереңде жатқанын ұмыта аламыз ба? Стефан Виауд Шарли Эбдодағы қастандқтан кейін француз әлеуметтанушылары арасында орын алған пікірталастардың желісін ұсынады, ал Мейбл Березин Еуропа елдеріндегі оңшыл саясаткерлердің бүлігін сипаттайды. Германия, Испания және Ұлыбритания мешіттерінде жүргізген далалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Элизабет Беккер мұсылман қауымдастықтарына тән күрмеуі қиын, түбі тереңде жатқан үрейді баяндаса, ХӘА зерттеулер бойынша вице-президенті Маркус Шульц бізді әлеуметтанудың болашағынан болашақ әлеуметтануына қарай жетелейді. Бұл - 2016 жылдың 10-14 шілдесінде жоспарланып отырған Венада өтетін ХӘА келесі форумының тақырыбы. Ол болашағымызға болжау жасаудың маңыздылығын түсіндіреді және қауіп-қатерден сақтандырады. Оның ойынша, болашақты түйсіну мен осы түйсінудің әлеуметтануды қалыптастырудағы рөлі маңызды екенін мойындаған жөн. Шульцтің әлеуметтануға қатынасын қалыптастыруға 2015 жылы 1 қаңтарда дүниеден озған Ульрих Бек ықпал етті. Бектіңқайтыс болуы - әлеуметтану және халықаралық қауымдастық үшін аса қайғылы оқиға. Ықпалы мен шабыты біздің пәніміздің шекарасынан едәуір алысқа тараған әлеуметтанушы болатын. Оның жаңашылдығын Германия, Аргентина, Оңтүстік Корея және Канададан жолданған мақалалардан байқаймыз.

Сондай-ақ, біз ұлттық әлеуметтанулармен таныстыруды жалғастырамыз. Осы жолы Ирландияның кезегі келді. Ирландиядағы жаһандық өзгерістерді төрт мақала талдайды: экономикалық дағдарыстың бүкіл әлемге ықпалы, қоғамдық саладағы қайта дәуірлеу процестеріне қатынас, ирланд отбасының ұлтаралық сипаты және ирланд әйелдер қозғалысын еуропалық қолдаудың салдары.

> Жаһандық диалог Халықаралық Әлеуметтанушылар

Ассоциациясының веб парақшасында 15 тілде ұсынылады

> Хаттарды burawoy@berkeley.edu поштасына жолдауға болады



Көрнекті венгр әлеуметтанушысы Иван Сзеленьи америкалық әлеуметтанудағы ұзақ және қайшылыққа толы тәжірибесімен бөлісіп, оның тоқырауын болжайды.



Англияның жетекші әлеуметтанушысы Гурминдер Бхамбра жаһандық әлеуметтанудағы конвенциялық бағыттарды сынайды және өзінің «байланған әлеуметтанулар» ұстанымын ұсынады.



ХӘА вице-президенті Маркус Шульц 2016 жылы, 10-16 шілдеде Венада өтетін ХӘА форумының тақырыбымен таныстырады: Біз қалайтын болашақ: жаһандық әлеуметтану және жақсы әлем үшін күрес.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:
Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Бразилия:
Густаво Танигутти, Андреса Галли, Ренато Баррета Претурлан, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Рафаэль де Соуза, Бенно Альвес

Колумбия:
Мария Жозе Альварес Ривадулла, Себастьян Виланизар Сантамариа, Андрес Кастро Арауджо, Катрин Газтан Сантамариа.

Индия:
Ишвар Модии, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Иран:
Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастани, Нияеш Долати, Митра Данешвар, Фаез Хаджесадах.

Жапония:
Сатоми Ямамото, Хикари Кубото, Хацуна Куросава, Масахиро Мацуда, Юка Митани, Аяка Огура, Хиротака Омацу, Фума Сэкигүти

Қазақстан:
Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Гүлім Досанова, Дәуренбек Күлейменов, Эльмира Отар, Рамазан Салықжанов, Адиль Родионов, Нурлан Байгабыл, Ғани Мади, Анар Билимбаева, Жұлдыз Ғалимжанова.

Польша:
Адам Мюллер, Анна Вандцель, Якоб Барцевски, Джустина Косчинска, Джустина Зелинска, Камил Липински, Каролина Миколайевска, Криштоф Губански, Мариус Финкельштейн, Мартына Мацюх, Николай Миерзежевски, Патрыция Пендраковска, София Пенза.

Румыния:
Косима Ругhini, Корина Брэгару, Андрея Аксандре, Рамона Кантараджу, Александру Дуту, Руксандра Иордаше, Михай Богдан Мариан, Ангелика Маринеску, Анка Михай, Моника Надраг, Телегди Балаш, Элизабета Тома, Елена Тюдор.

Ресей:
Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова

Тайвань:
Джинг Мао Ху

Түркия:
Гюль Горбачиоглы, Нил Мит, Рана Чавушоглу

Медиа кеңесшілер:
Густаво Танигутти, Жозе Перуэра.

Шығарылым кеңесшісі:
Ана Виллареал

> Осы номерде

Редакциядан: Әлеуметтанудың болашағы мен болашақ әлеуметтануы	2
АҚШ-тағы әлеуметтану дағдарысы Иван Сзеленьи, Венгрия	4
Ізденістегі жаһандық әлеуметтану Гурминдер Бхамбра, Ұлыбритания	8
Біз қалайтын болашақ Маркус Шульц, АҚШ	11

> ШАРЛИ ЭБДОДАН КЕЙІН

Француз әлеуметтанушыларының Шарли Эбдодағы қастандық туралы пікірталастары Стефан Бо, Франция	13
Шарли Эбдоға дейінгі және кейінгі экстремистік саясат Мейбл Березин, АҚШ	16
Алаң жазбалары: Еуропа өндірген үрей Элизабет Беккер, АҚШ	19

> ПӘКІСТАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ


Пәкістандағы әлеуметтанудың жай-күйін зерделеу Лейла Бушра, Пәкістан	22
Пәкістандағы әлеуметтану мүмкіндіктері Хасан Джавид, Пәкістан	24

> УЛЬРИХ БЕКТИ ЕСКЕ АЛУ

Ульрих Бек ой-өрісі космополиттік еуропалық әлеуметтанушы Клаус Дёрре, Германия	26
Ульрих Бек Латын Америкасында Анна Мария Вара, Аргентина	28
Ульрих Бектің Шығыс Азиядағы ықпалы Сан-Джин Хан, Оңтүстік Корея	30
Ульрих Бектің Солтүстік Америкадағы зор ықпалы Фууюки Курасава, Канада	32

> ИРЛАНДИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Ирландияның экономикалық тығырыққа қарай жолы Шон О'Ризин, Ирландия	34
Қоғамдық нақтылықты қорғау Мэри П. Корпоран, Ирландия	36
Ирланд әйелдер қозғалысы Паулин Каллена, Ирландия	38
Кельттік байланыстар – Ирландияның жаһандық отбасылары Ребекка Чиеко Кинг-О'Райан, Ирландия	40



> АҚШ-тағы әлеуметтану дағдарысы

Иван Сзеленьи, Нью-Йорк университеті, АҚШ



Элвин Гоулднер 45 жыл бұрын «Батыс әлеуметтануының болашақ дағдарысы» деген жұмысында батыс әлеуметтануындағы парсонстық құрылымдық-функциялықтың құлдырауын және рефлексиялық әлеуметтанудың дамуын болжауы – бүгінгі күні артық шаруа болған сияқты көрінеді, себебі, 1970 жылдың өзінде-ақ парсонстық әлеуметтану құрдымға кеткен және әлеуметтану өзінің ең бір мағыналы кезеңіне аяқ басқан. Гоулднермен қатар Сеймур Мартин Липсет, Чарлз Райт Миллс, С.М.Миллер, Ли Рейнвотер, Пьер Бурдьё, Дэвид Локвуд, Ральф Милибэнд, Клаус Оффе, Ральф Дарендорф, сондай-ақ социалистік Шығыс Еуропадан Зигмунд Бауман, Лешек Колаковский және Югославиядан Праксис тобы жаңа сыни әлеуметтанудың негізін қалады. Таңқаларлығы, Гоулднер болжаған дағдарыстан шығу мәселесі шешілді: пән құрылымдық функционализмнің тығырығынан жол тауып шықты, әсіресе студенттердің Меккесінен ол ақылды студенттердің ортасына оралды. Эмпириялық тұрғыда тексерілмеген қасаң ұғымдардың адамды жалықтырар тізімінен кейін әлеуметтануға кіріспе курстар саяси мобилизацияның және зияткерлік тікетірістің теңдессіз алаңына айналды.

Иван Сзеленьи.

Иван Сзеленьи – заманауи қоғамның аса маңызды мәселелерін көтерген көрнекті әлеуметтанушы. Ол өз мансабын 1960 жылдары Венгрияда бастады. Сыни көзқарастарына, әсіресе, Джордж Конрадпен «Интеллектуалдар билікке барар жолда» (1979) кітабымен байланысты эмиграцияға кетуге мәжбүр болғанға дейін Венгрияның Статистика Агенттігінде, одан кейін Ғылым Академиясында қызмет етті. Аталмыш кітап - Шығыс Еуропада жазылған мемлекеттік социализм туралы аса сүбелі және ерекше трактаттардың бірі. зеленьи Австралияға қоныс аударып, Флиндерс университетінде әлеуметтану кафедрасының негізін салды, Австралиядан АҚШ-қа көшіп, Висконсин университетінде (Мэдисон), Нью-Йорктің Қалалық университетінде, Калифорния Университетінде (Лос-Анжелес), одан кейін Йелль университетінде қомақты профессорлық лауазымдарды атқарды. Осы жақында ғана Абу-Дабидегі Нью-Йорк Университетінде қоғамдық ғылымдар факультетін ұйымдастырды. Оның мемлекеттік социализм аясындағы нарықтардағы қайта бөлу қатынастарын және социалистік кәсіпкерлердің траекторияларын зерттеуі күні бүгінге дейін жаңашыл сипатын жоғалтқан жоқ. Ол мемлекеттік социализмнің капитализмге өтуін тарихи және салыстырмалы талдауды үйлестіру негізінде зерттеген саусақпен санарлық әлеуметтанушылардың қатарынан. Сондай жұмыстардың бірі - оның өз шәкірттері Джил Эяль и Элеонора Таунслимен (1998) бірігіп жазған кітабы - «Капитализмді капиталистерсіз жасау». Посткоммунистік Венгрияның ауқатты элитасымен қатар халықтың әлжуаз топтары туралы зерттеу жариялады. Әлемнің шартарабында тұратын көптеген шәкірттері оны әлеуметтік теория тарихынан оқыған дәрістері арқылы жақсы көреді және құрмет тұтады. Ол - АҚШ-тағы әлеуметтанудың тағдырын ішкі және сыртқы позициядан бағалай алған азшылықтың өкілі.



Бүгінгі күні Гоулднердің байырғы болжамы сәуегейлік сияқты көрінеді – әлеуметтік ғылымдар түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Неоклассикалық экономика, рационалды таңдау ілімі мен эксперименттік зерттеулер өз жеңістерін тойлап жатқанда әлеуметтанушылар сұрақтардың жауабын іздестіру үстінде. Қазіргі кезде студенттер консерватор бола отырып, өз мансаптары және зейнетақы қорлары туралы жиі мазасызданады және әсіре ілімдерге қызыға қоймайды. Әлеуметтану кафедралары тиісті штатты ұстап отыру мақсатында «жеңілтек» курстарды (көп жағдайда аса қызығушылық туғызбайтын) ұсыну арқылы өз мамандықтарына жаңа студенттердің келуі үшін күресіп отыр.

Біздің пән қазіргі кезде үш бағытта дағдарысқа ұшырап отыр. Біріншіден, әлеуметтану өзінің саяси сүйкімділігінен (және оның әсіре миссиясынан) айырылып қалды. Екіншіден, әлеуметтану экономика ғылымынан немесе саяси ғылымдардағы рационалды ілімдер тарапынан пайда болған әдіснамалық түйткілдерге татымды жауап іздеуін әлі де жалғастырып отыр. Үшіншіден, әлеуметтану өзінің жалпы теориялық өзегі бар ма («Ұлы кітаптармен» әрбір әлеуметтанушы таныс болуы тиіс) немесе ол қалыптасу сатысында дегеннің айналасында әбден шырмалып қалды¹.

> Саяси дағдарыс

40 жыл бұрын әлеуметтану әсірешілдікке бой ұрған жас оқытушылар мен студенттер арасында беделді болды. Бұл - тіпті радикалды реформалар, немесе революцияларға қатысты «нағыз айналысуға тұратын іс» еді. 1960-шы жылдардың соңы мен 1970-ші жылдардың басында университеттердегі әлеуметтанушылар (әсіресе, аға буын) консерваторлық көзқарасты, ал жастар солшыл әсіре көзқарастарды жақтады. Қазіргі жағдай осыған қарама-қарсы: бізде университеттерде радикал әлеуметтанушылар бар, бірақ біздің студенттердің арасында «жас республикашылдар» жиі кездеседі.

Егер Сіз республикашыл болсаңыз, онда неге экономикада емессіз немесе саяси ғылымдардағы рационалды таңдауды жақтамай әлеуметтануда не істеп жүрсіз? Бүгінгі күнгі біздің мәселеміз университеттегі орындардың жетіспеушілігінде емес,

дәріс залдарын толтыра алмауымызда болып отыр. Мен «саяси дағдарыс» деп отырған осы жағдайдың екі ұшы бар: жеткілікті деңгейде студенттер тарта алмай отырмыз, және бүгінгі күні радикалды әлеуметтік реформалар жүргізудің сценарийлерін ұсынуда әлеуметтанудың мүмкіндіктері күн санап төмендей түсуде.

> Әдіснамалық дағдарыс

Әлеуметтанулық дағдарыс «Әдіснамалық дағдарысты» да қамтиды. «Жаратылыстанымдық ғылымдардағыдай» «қоғам туралы ғылымда» да әдіснамалық қатаңдықты талап еткен Огюст Конт сияқты әлеуметтанушылар өз «ғылымдарын» каузалдық терминдер, «айнымалылар» арасындағы «себеп-салдарлық байланыстарды» орнату арқылы көрсетуге тырысады. Әлеуметтік (немесе экономикалық) құбылыстарды зерттеушілер себептіліктің ақиқат екеніне сене қояр ма екен?

Макс Вебер сенімсіз болғандықтан «интерпретациялық әлеуметтік ғылымдар» деген идеяны ұсынды. Өзінің электораттық болжамдарында ықтималды іріктеу негізінде бұқаралық сұрау (жүздеген миллион халықтың өкілі ретінде бірнеше жүздеген тұрғындарды сұрау) әдісін қолданып жүрген әлеуметтанудың табысты болуына қарамастан, осы жетістік бізді себеп-салдарлық байланыстар туралы болжамдарды тексеруге (верификацияға) бір сүйем де жеткізе қоймады.

Негізінде себеп-салдарлық байланыстар туралы болжамдарды тексеру үшін халықтың бір бөлігін белгілі бір стимулдарға («ықпалдар») ынталандыратын «эксперименттік топ» ретінде анықтап алу керек, халықтың қалған бөлігін осы стимулдардан шектеп, «бақылау тобы» ретінде қалдырған жөн.

Бұқаралық сұрауға қарағанда, эксперименттер «іріктелген жиынтық» мәселесіне келіп тіреледі, А халқының В халқынан айырмашылығы А халқы әу бастан «басқа» болатын, немесе олардың арасындағы осы айырмашылықтарды А халқының «басқа» жағдайларда болуымен түсіндіруі қаншалықты деңгейде ғылыми ақиқат екенін анықтай алмайды.

Қарапайым мысал келтірейін: некеде тұратын адамдар ұзақ өмір сүретінін білеміз. Бірақ біз олардың ұзақ өмір сүруін некеде тұрғандықтан немесе денсаулығы мықты адамдар жиі үйленеді деп қалай айтамыз? Егер бір эксперименттік топқа некеге тұруға ниетті он төрт жастағыларды бақылау тобына ешқашан отбасын құрғысы келмейтіндерді жинау мүмкіндігім болса, онда көп жылдардан кейін олардың денсаулығына шолу жасар едім. Бұл жағдайда мен некеге тұру және өмірдің ұзақтығының арасындағы себеп-салдарлық мәселесіне қатал ғылыми жауап бере алар едім. Бірақ осындай іріктелген жиынтықты жасақтау негізінде мүмкін емес. Әлеуметтік зерттеушілер бұл мәселені шешуге тырысты. Кейбіреулері «себеп тетіктерін» анықтауға талпынды, «нарративтер» жазды, «Х» «У»-ке алып келуі мүмкін деп болжады, (мысалы, үйленген адамдар ішімдікті аз пайдаланады және уақытында тамақтанады, сондықтан ұзақ өмір сүреді). Бұл - құдай құптар іс, мен бірнеше рет өз зерттеулерімде солай етіп көріп едім, бірақ «әдеттегі ғалымдардың» көзін жеткізе алмадым.

Бұқаралық сұрауларды басқа технологиялар негізінде жүзеге асыруға тырысты, бірақ панелдік зерттеулер де, «өмірдің ауызша тарихы» да іргелі мәселені шеше алмады; айталық панелдік зерттеулер лонгитюдті зерттеудің өне бойында бастапқы іріктеуді бәрібір жоғалтып алады, ал «өмірдің ауызша тарихы» сынаққа қатысушылардың жадына тән сұрыптаудан зардап шегеді.

Кейбір экономистер мен саясаттанушылар зертханалық эксперименттерге жүгінеді. Толығымен бақыланатын жағдайлар тән зертханалық эксперименттер рандомизация тұрғысынан тамаша шешімдер ұсынады, бірақ ол өте қымбат тәжірибе: шындығында сырттай валидтілік эксперименттік жағдайдан тыс ғана валидті. Зертханалық эксперименттерде барлық кезде ықтимал сұрыптау жоқ: біз зертханалық эксперименттердің қорытындысын жалпылай алмаймыз, себебі көп жағдайда сынаққа қатысатын колледж студенттері – орта таптан шыққандар. Басқа «шешім» кездейсоқ таңдау болуы мүмкін, бірақ рандомизация болуы неғайбыл «табиғи эксперимент» десе болады.

Осыған қарамастан экономика мен саясаттану каузалдық мәселесін қисынды сатылап (эмпириялықтың өзекті екенін төменде көрсетемін) шешуді ұсынды. Дегенмен, әлеуметтану әлі де ізденісте, өйткені ол әлі әдіснамалық дағдарыстан шыққан жоқ.

> Теориялық дағдарыс

1980 жылдардың басынан бастап әлеуметтану теориялық тұрғыда жақсы деңгейде емес. Мен Мертон–Парсонс типіндегі біртұтас теориялық ортодоксияны көксеп отырған жоқпын; құрылымдық-функциялықтың орнына мен маркстік-веберлік үстемдік орнаған ақылға сыйымды теориялық диалог деп атайтын, бірақ символдық интеракционизм мен этноәдіснама сияқты баламалардың пайда болуына мүмкіндік берген құбылыс келді.

1960 және 1970 жылдардағы алтын дәуірдің өзінде университет әлеуметтанушылары әлеуметтану бойынша міндетті теориялық курстар қатарына кейбір авторларды енгізу үшін күрескенін мойындауым керек. Бүгінгі күні біз осы жәйттен кем түспейтін конвенциялық талпынысты байқаймыз - электоратты сақтау үшін жанталас, әлеуметтану гендерлік зерттеулер, африкалық-америкалық, азиялық-америкалық және мексикалық зерттеулер, мәдениеттану және т.б пәнаралық бағдарламаларға жүгініп отыр.

Мұның бәрі, әрине оқыту мен ғылыми зерттеулер үшін негізсіз емес, бірақ оларды әлеуметтану аясына енгізу оның пәнаралық шекараларын бұзады.

Экономикалық және саяси ғылымдармен салыстыру назар аударуға тұрарлық. Экономистер өз пәндерінің теориялық негіздерімен жалпы келіседі. Студенттер мықты курстарға көшпес бұрын микроэкономика принциптері мен макроэкономика принциптерін оқып үйренуі неге міндетті екендігін туралы жалпы түсінік мен білетін экономистердің барлығында дерлік бар. Олардың арасында осы курстарда не нәрсеге үйрету керек екендігіне қатысты келіспеушіліктері мардымсыз; осы пәндердің оқу бағдарламалары стандартталған, олай болса, докторлық дәрежесі бар әрбір экономист осы курстардың кез келгенінен сабақ бере алады, дегенмен олардың «классикалық» теоретиктерді менсінбейтінін таңқаларлық жәйт ретінде атап өткен маңызды, осыған байланысты студенттер классикалық пікірталастарды біле бермейді. Классикадағы теориялық пікірталастар, 2008-09 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы кезінде Кейнс пен Маркс идеяларының жаңғыруы сияқты, пәнге әлі де ықпал етуі әбден мүмкін.

Экономистермен салыстырғанда, әлеуметтану кафедраларының басым бөлігі кіріспе курстың мазмұны қандай болатыны туралы (саналуан теориялар мен эпистемологияларды қамтитын элективті пәндердің кең ауқымын ұсынудың орнына) келісімге келе алмай отыр. Әлеуметтанушылар «жеңілтек» тақырыптарды телефон анықтамалығына ұқсайтын «негізгі ұғымдармен» араластырған жемістен дайындалған салат сияқты кіріспе курс ұсынууда. Бұл мәселеге мен осы мақаланың соңғы бөлімінде қайта ораламын, бірақ экономикадағы кіріспе курстар пәндік пәтуаға қол жеткізсе, әлеуметтануда хаосқа алып келетіні айқын. Біз өз саламыздағы «классикамен» келісіміміз қаншалықты төмен болса, солғұрлым біздің пәніміз оқып үйрететін нәрсеге қатысты сенімділігіміздің әлсіздігі бәрінен де қауіптірек.

Әлеуметтанушылар бір кезде қандай мәселелерді зерттейтініне келіскен болатын, әлеуметтану аясына теңсіздік (билік, кірістер мен өмірлік мүмкіндіктер, таптар, нәсіл және жыныс), білім және кәсіби жетістіктер, әлеуметтік мобилдік тақырыптары енеді. Дегенмен, қазіргі кезде өзіміздің зерттеу мәселелерімізді айқындай алмай отырмыз, экономистер мен саясаттанушылар біздің академиялық алаңымызды белсенді түрде игере бастағанының өзі бізге сын. Әлеуметтік теңсіздік бойынша аса маңызды жаңа кітаптарды Томас Пикетти мен Джозеф Стиглиц сияқты экономистердің жазғаны көңілге кірбің ұялатады емес пе? Неге біз қалып қойдық?

> Дағдарыстан шығудың жолы қандай?

Осы бір қамкөңіл сезімде отырып жазған мақаланың соңында маған әлеуметтік шындықты зерттеудің әлеуметтанулық ұстанымының артықшылықтары мен күшті жақтарын қайта зерделеуге және экономика мен саясаттанудағы жаңа тенденцияларға еліктеуде өте сақ болуды әріптестеріме ескертуге рұқсат беріңіздер.

Әлеуметтанулық ұстанымның мықты жағы рефлексия болатын. Әлеуметтанудағы байырғы дәстүр - Карл Маркс («билік құрушы тап идеясы кез келген дәуірде билік құрушы идея болып табылады») және Карл Мангеймнен («... пікірлер, мәлімдемелер, ұсыныстар және идеялардың жүйелері оларды білдіретіндердің

өмірлік жағдайларымен түсіндіріледі») бастап Элвин Гоулднерге дейін («Зиялылардың болашағы және жаңа таптың пайда болуы») – кім айтса, соның талдауы және әлеуметтанушының рөлі (саяси) қандай?

Әлеуметтанушылар «дауыссыздардың дауысын» қызықтап жүргенде, олардың өз жақтастары пайда болады. Студенттердің консервативті бола бастағаны рас, бірақ 2008-2009 жылдардан кейін жаһандық капитализмнің теңсіздігін қолдамайтындар саны өсе түсті. Әлеуметтану көпшіліктің мәселелерін - тап, нәсілдік және гендерлік теңсіздіктер, билік, кедейлік, қанау, зорлық, ескішілдік - зерттеуге қайта оралатын болса, онда бағзы замандарда баспалдақтан түспейтін студенттер аудиторияларды бос қоймайды, олар бізге қайтып келеді. Майкл Буравойдың «қоғамдық әлеуметтануға» үндеуі осындай абайлап аяқ басу болып табылады, шынында Берклидегі әлеуметтану кафедрасында сыныптар толық және сапасы жоғары аспиранттар бар. Егер өзінің саяси миссиясын сақтай алса, онда ірі әлеуметтік мәселелерді зерттеуді экономикадан, сонымен қатар Маркстің немесе Вебердің классикалық әлеуметтануына тән болған сыни көзқарасты қайтарып алар еді.

Әлеуметтанушылардың көпшілігі нақтылықты аса дәлдікпен сипаттауға емес, экономикадағы немесе саяси ғылымдардағы рационалды таңдау іліміндегідей іс-әрекетті үлгілеу жолымен (зертханалық тәжірибелерге сүйеніп) әлеуметтануды «қалыпты ғылым» бағытына бұра отырып, пәніміздің әдіснамалық дағдарысын шешуге тырысуда. Дегенмен, зертханалық тәжірибелер бізге себеп-салдарлық болжамдарды тексеруге мүмкіндік беретінін айтқан болатынын, бірақ олардың сыртқы валидтілікке қатысты күрмеулі мәселесі неоклассикалық экономиканың «ғылыми болжауларының» басым бөлігінің жалған болуын түсіндіріп бере алады.

Париж экономика мектебінде қызмет атқаратын менің қымбатты әріптесім Жиль Сен-Поль Абу-Дабидегі Нью-Йорк университеті кафедра семинарында «экономика ғылым ба?» деп сұрады. Оның жауабы сенімді болды: егер ол күмәнді/сапасы төмен мәліметтерді және қайта қалыпқа келтірілмейтін үлгілерді қолданатын болса, экономика қалайша ғылым болмақ? Ж. Сен-Поль экономиканы дәлелденген болжамдар жасақтаудан гөрі, пікірталастардың шекарасын анықтайтын «мәдени қызмет» ретінде тануды ұсынды.

Мен үшін «неге» деген сұрақтан «қалай» деген сұрақтың пайдасы көбірек екенін мойындаймын және мен жақсы әлеуметтік зерттеу сияқты тексеруге келмейтін нәрсені қабылдауым өте қиын. Бірақ мен Вебер объективтілікті «объективтілік» дегені сияқты әлеуметтік ғылымдарды «ғылымдар» деп сипаттаймын.

Себеп-салдарлық байланыстары тексерілуге келмейтін тек болжамдардың жиынтығы ретіндегі «ғылым» болса, онда әлеуметтік ғылымдардың ешқайсысы да «ғылым» емес. Гоббстық немесе парсонстық тұрғыда әлеуметтік әрекет «волонтаристік» болып табылады, өйткені «Агент» таңдау жасай алатын мүмкіндігі бар (ең кем дегенде осы қалыптасқан жағдай шеңберінде) деп есептеледі. «Адамдар өз тарихын өзі жасайды, бірақ олар ойына не келсе, солай жасайды» деп Маркс аса көрегендікпен айтқан еді. Адамдар таңдау жасайды, және осы таңдау олардың тіршілігімен

детерменистік емес, тек схоластикалық қатынастарда болады. Адамдардың әрекетін түсіндіре аламыз, бірақ біз ешқашан олардың қай әрекеті «рационалды» екенін айта алмаймыз және олар нені рационалды сипатта жасап жатқанын немесе жасайтынын болжай алмаймыз деп Вебер дұрыс айтты.

Осы жағдайда интерпретациялық әлеуметтану экономикадағы (немесе саясаттанудағы) рационалды таңдау теориясының алдыңғы жағында тұр, сондықтан әлеуметтанушылар экономикалық немесе саяси ғылымдардағы «ғылымилау» әріптестеріне еліктеу арқылы қатеге ұрынууда. Әлеуметтанудың басқа «әлеуметтік ғылымдармен» салыстырғанда тағы бір артықшылығы бар: әлеуметтану мәліметтерге қатысты сыни рефлексияны қолданады. Бұл «сандық» зерттеушілерден гөрі «сапалық» зерттеушілерге қатысты әділеттірек. Говард Беккерде білім алған этнографтар осы жағдайдан жақсы хабардар: қандай сұрақтар дұрыс екенін түсіну үшін өзіңді әлеуметтік жағдайларға «бойлатуың» керек. Аса қагілез этнографтар, сондай-ақ, әрине «сандық әдістерді» қолданатын ғалымдар, әлеуметтік нақтылықты түсіну үшін қаншама ынта қажет екенін көрсетті.

Әлеуметтану үшін өзін сөздің тура мағынасындағы ғылым ретінде емес, «ғылым» ретінде қабылдаған өте жақсы болар еді. Әрине, біз «неге» деп сұрауға тиіспіз, бірақ осы сұраққа қаншалықты лайықты жауап бере алатындығымызға байланысты күмәнді болмасақ. Осыған байланысты әлеуметтанудың қарапайымдылығы туралы білген кезде экономика мен саясаттану ғылымы тек жеңіске жетеді.

Сонымен нәтижесі не болды? Әлеуметтану шынында үш еселенген дағдарысты басынан кешуде. Ол неоклассикалық экономика мен саяси ғылымдардың рационалды теориясы тарапынан ұсынылып отырған үндеулерге тұщымды жауап бере алмай отыр. Ол имитация жасап отыр немесе жоғалтқан электоратты қайтару мақсатында «сәнді» немесе «желөкпе» пәнаралық шеңберге өтіп отырған жайы бар. Әлеуметтану орасан зор мәселелермен бетпе бет келіп отырған уақытта мен Маркс пен Вебердің классикалық дәстүріне оралуды ұсынамын.

Неоклассикалық экономика мен саяси ғылымдағы рационалды таңдау теориясы әрі қарай ғылым мәртебесіне ұмтыла алады, дегенмен әлеуметтану үшін тағы бір «қалыпты ғылым» болуға талпыну және саяси тұрғыда ақылға қонымды нарративтер ұсыну ақымақтық болар еді. Оның орнына әлеуметтанушылар ірі мәселелерді көтеріп отырған кезде неге классикалық дәстүрге оралмасақ? Сонан кейін болып табылатын рефлексиялық, интерпретациялық тұрғыдан экономикаға (және содан кейін енді пайда болып келе жатырған саяси ғылымдарға) салмақты үндеу тастамасақ? Неге солшыл, неоклассикалық әлеуметтану емес?■

Хаттарды Иван Сзеленьиге жолдауға болады <ivan.szelenyi@nyu.edu>

¹ 1. 1965 және 1975 жылдар аралығында әлеуметтану мамандығына студенттерді қабылдауда үлкен секіріс болғанын және оның 1980 жылдары күрт төмендеп кеткенімен барлық авторлар келіседі. Қараңыз. Дэвид Фабианик «Әлеуметтанулық мамандықтарға қабылдаудың төмендеуі», Америкалық әлеуметтанушы, көктем, 1991: Бронвейн Лихтенштайн, «Америкалық әлеуметтану құлдырап бара ма?» Жаһандық Диалог 3.2, сондай-ақ http://www.asanet.org/research/stats/degrees/degrees_level.cfm). Бакалавриат түлектері санының біртіндеп артып отырғанына қарамастан, әлеуметтану бойынша бакалавриатқа қабылданғандар саны 1970-жылдардың ортасындағы деңгейге өлі жете қойған жоқ).

> Жаһандық әлеуметтануды қалай түсінеміз?

Гурминдер К. Бхамбра, Ворвик университеті, Ұлыбритания және Халықаралық әлеуметтанушылар ассоциациясы президиумының мүшесі, Концептуалды және Терминологиялық Талдау бойынша зерттеу комитеті (RC35)



Гурминдер Бхамбра.

Гурминдер К. Бхамбра – постколониялық әлеуметтануды дамытудағы үздік тұлға. Ол отарланғандардың тәжірибесі мен ықпалы тарихтан қалай сызылып тасталғанын көрсету үшін жергілікті әлеуметтануға назар аударған. «Байланған Әлеуметтану» атты соңғы кітабында осында келтірілген дәлелдерді дамытқан – еуроцентристік ұстаным сыны, жаһандану, бұл бүгінгі күні біз білетін, әлемді қалыптастырудағы еуропалық емес «өзгелердің» рөлін көрсетпейді. Африкалық-америкалық әлеуметтанудың америкалық ғылым негіздерінен маргиналданды, азаматтық жөніндегі заманауи көзқарастар өзінің тарихи өзегінен, соның ішінде, әсіресе, отарлық және құлдықпен тығыз байланысынан бас тартқандығы туралы жазды. Ол – «Жаһандық ғасыр теориясы» кітабының жаңа сериясының редакторы.

«Жаһандық әлеуметтану» – әлеуметтануда заманауи «еуроцентрлік» түсінікте және жаңа жаһандық дәуірге арналған жаңартылған әлеуметтануға жол іспетті басқа үстемдіктерінің осыған дейінгі мән бермей келгендерінің өтеуі ретінде ұсынылды. Осы бағыттың үш құрамдас негізі бар: (1) парадигманың заманауилық әртараптылығына ауысу; (2) мультимәдени жаһандық әлеуметтануды дамытуға үндеу; және (3) жаһандық космополиттік ұстаным пайдасына шешілетін дәйек. Бірақ бұл ұстанымдарды «қалған әлем» назарына алғандай болғанымен, менің болжауымша, олар мұны қолайсыз жағдайларда жасайды.

Ал, мен қазіргі жаһандық нақтылықты пайымдаудың ең үздік тәсілі ретінде Еуроцентризмнің постколониялық және деколониялық сынына құрылған «байланған әлеуметтану» ұстанымына жүгінемін. «Байланған әлеуметтанудың» негізгі мәселесі – меншіктерді тартып алу, колониализм, құлдыққа түсіру және меншіктеуді тарихи әлеуметтану мен пәнді толық қамтып негізгі өзегіне орналастыру әдісі арқылы әлеуметтануды басқаша ойластыру. Әлеуметтанудың құрылымын жасауда «отаршылдықтың жаһандығы» мәселесінің өзектілігін түсіну арқылы ғана біз лайықты сыни «жаһандық әлеуметтануға» негіз болатын постколониялық және деколониялық шынайылықты түсінеміз әрі шеше аламыз деген сенімдемін.

Әдетте әлеуметтану мен заманауилықтың жаңа, заманауи түсіндіру әдістерін талап ететін экономикалық және саяси революциялар нәтижесінде пайда болған қазіргі құқықтары тең сипатта екенін айту керек. Еуропада заманауилық атрибуттары қандай деген түсініктермен қатар, қалған әлем осы әлемдік-тарихи процестерінен тыс болатыны жөніндегі идея бар.

Колониялық байланыстар мен процестер қазіргі заман үшін оның мүмкін болатын бастапқы пунктінде басымдылығы аз, сонымен қатар, басқа жерлерде билеп төстеу мен деформациялықтың заманауилығы ретінде түсіндіріледі.

Алайда, бұл революциялардың тарихи есебі – және,

осылайша, заманауилық өзімен-өзі – уақыт ағымымен өзгеріссіз қалмайды, автономды эндогенді бастау мен келесі жаһандық өзгерістердің тарихнамалық фреймі осы оқиғалармен бірге жалғасады. Бұл жаңа «жаһандық әлеуметтануға» үндеу тастайтын тұста да солай.

> Әртарапты заманауилық

Әртарапты заманауилық, мысалы, модернизация теориясын 1990-шы жылдардың соңындағы тарихи әлеуметтанудың аясында зерттеудің жеке парадигмасы ретінде алмастырды. Модернизация теориясы маркстік ұстанымдардың, сонымен қатар тәуелділік пен мешеулік теоретиктерінің де тарапынан әлдеқашан қатаң сынға алынды. Әртарапты заманауилықты бекіте отырып, ғалымдар екі кері көқарасты ұстанбауға тырысты: бірінші, тек Батысты ғана - заманауилық деген идея, басқалары соған сәйкес болуға ұмтылуы керек; және екіншіден, батыстың Шығысқа деген көзқарасы міндетті түрде Еуропоцентристік ұстанымда болады деген идея. Бұл ғалымдар заманауилық идеясын бекіту Еуропоцентристік болған кезде, әсіресе, Еуропада әлдеқашан қол жеткізілген дүниелерге өз пікірлерін сақтап қалады, дегенмен әртарапты заманауилық теориясы өзінің баламалы осы заманауилық талдауында Еуропаны басты нүкте ретінде қарастырады. Осылайша, заманауилықтың Еуропадан шыққандығы жөніндегі «дерек» расталмауы мүмкін емес деп болжай отырып, олар үстем ұстанымды тиімді сақтап қалады. Жаһандық өзара байланыс дұрыс танылып, түсінікті болған кезде, бұған қарсылық ретінде осы «дерек» терістелуі тиіс деп ойлаймын.

> Жергілікті Әлеуметтік ғылымдар

«Жаһандық мультимәдени әлеуметтануға» ең жаңа дәйектер, әлеуметтік ғылымның автономды және балама дәстүрінің дамуына үндейтін, әлеуметтік ғылымдардағы «индегидумен» бұрынғы байланыстар шеңберіне сүйенеді. Бұл «жаһандық әлеуметтануға» арналған ертеректегі дәйектер Батысқа тән әлеуметтік пікірталас мейнстриміне үнемі әсер еткен жоқ, дегенмен осы жерде Жаһандық диалогта және оның негізін құраушылардың арасында да аз талқыланды. Бұл пікірталастардың негізгі өзегі - осы ақпаратты жергілікті және аймақтық тәжірибелер мен практикалардан алатын автономды әлеуметтік дәстүрлерді дамыту немесе қайта құруға шақыру. Көптеген модернизациялардағы секілді, дегенмен, осы автономды дәстүрлердің жаһандық әлеуметтануды ұсына алатыны жөнінде тәжірибелік тұрғыда талқыланды. Ұстанымдарды шектеу Батыстан басқа жерлердегі ғалымдар мен ойшылдарды қызықтыра алмаумен түсіндірілсе, онда негізгі мәселе маргиналдану және шеттету болып көрсетіледі. Осы мәселенің шешімі айырмашылықты мойындау мен тәртіп аясында «еуропалық емес ойшылдардың жоқтығын» түзетуге ұмтылу арқылы алдамшы теңдікке үндеу болып табылады. Алайда, бұл сөзсіз маңызды мәселе болып табылса да және шын мәнінде әрі қарай полимәдени әлеуметтану құруға (неғұрлым) мүмкіндік береді, бірақ бұл ұстаным әлеуметтанудың бұрынғы құрылымындағы мәселені толық шеше алмайды немесе қазіргі уақытта аталған құрылыстың

салдарын жалғастырып келеді.

> Космополиттік Әлеуметтану

Енді жоғарыда аталған жаһандық космополиттік әлеуметтануға шоғырланудың жаңа әмбебаптығына талаптанатын үшінші ұстанымға қысқаша тоқталғым келіп отыр. Космополитизм, осы контексте космополиттік болашақты көру қазіргі кезеңнің саясатын қалыптастыра алатын нормативті императив ретінде көрінеді. Бұл, өз кезегінде, бәрін қамтитын әлеуетті жаһандыққа негізделген космополиттік парадигма арқылы әлеуметтануды қайта құрастыруға жұмсалатын күшпен толықтырылады. Көптеген космополитизм теоретиктері үшін ол «олардың» «біздің» шарттарымызды қабылдағанымен тәуелді, дегенмен, инклюзиялық мәселесі «мүмкіндік» қалдырады. Әмбебаптылық жергілікті білімнің релятивизмінен, сонымен бірге Батыстық әлеуметтану ықпалынан сақтану үшін қажет деп саналады, алайда онда тарихтың қалыптасқан ережесінде қарастырылмаған космополиттік байланыстарды айқындау үшін космополитизм оның келешегі ретінде қалай пайдаланылатыны жөнінде талқылау жоқ. Мұндай тарихтарды мойындау, бізге шынайы бар басқаларды өзекті ретінде көрудің орнына, әлеуметтанулық концептілерді және категорияларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда сипатталған барлық ұстанымдар, жер шарының конфигурациясында бар тарихи түбіріне (және қайнар көзіне) көңіл аудармай-ақ, қазіргі көптеген мәдениеттер мен дауыстарды анықтайтын аддитивті ұстаным арқылы жаһандықты тұжырымдайды. Барлық үш байланыс та отарлық пен құлдық тарихында «жаһандық» дамуда ортадан орын алатынын мойындаудың орнына – жаһандықты ертеректегі тарихи жеке өркениетті контекстер ретінде ұсынылған қазіргі байланыстар арқылы қалыптастырылған тәрізді қарастырады. «Жаһандықты» жуық арадағы құбылыс ретінде ғана қолдана отырып, бұл ұстанымдар болашақтағы бастамаларға қолдануға үндейтін әлеуметтік қайта құрулар бұрынғы интерпретациялар мен концептуалды түсініктердің сәйкестігін түспалдайды. Бұл пәннің иерархиясын толық қолдайды деп ойлаймын. Пікірталастарға қатысу үшін алыс аймақтардан жай ғана дауыстарды қатыстыру, болашақта әлеуметтанушылар әртүрлі болуы мүмкін дегенді болжайды, алайда бұл жүзеге асу үшін әлеуметтанушылар өз өткендеріне әртүрлі көзқараста болулары қажет екенін есепке алмайды (және пәнді түсіну өткен өмір үшін маңызды).

> Байланған әлеуметтану

Ойымды тұжырымдағым келетін «байланған әлеуметтану» келешегі үдерістер арқылы қалыптастырылған оқиғалар әрқашан да өздері солар арқылы жасалған ресурстарға қарағанда кеңірек екенін мойындаудан басталады. Бұл мүмкін болатын интерпретациялар мен таңдаулардың әртараптылығын оқиғалар мен үдерістерді «сипаттау» емес, біз бұрындары ойлаған, бірақ біле алмағандарымызды басқаша ойлауға мүмкіндік ретінде мойындайды. Әртүрлі әлеуметтанушылар қажет болғанынша, уақыт пен кеңістікте, соның ішінде колониялыққа, империяға және постколониялыққа уақыт пен кеңістікте бірігеді.

Бұл жаңа әлеуметтанушылар келісілмеген және күрделі тәрізді жиі пайда болады және олар осы негізде қарсылық көрсете алады (гео-кеңістіктік стратификациясы академиясының арқасында қарсылық ыңғайлырақ). Алайда, олар бұл өзара байланыстар тұрғысынан әртүрлі түсінетін секілді әртүрлі позициялардың нәтижесі оқиғалар мен процестердің талдауын ашу қажетті. Басқаша айтқанда, әртүрлі пікірлердің болуы, алдын-ала ойластырылған айырмашылықтарды түсіну бізді қарапайым плюрализмнің шеңберінен алып шығуы тиіс; бұл бәріміз бірдей ойлайтындай емес, бірақ, біздің өзара әрекеттесуімізге дейін жоспарлағандай ойламау үшін.

Саяси бірлестік идеясы ұлттық саяси тәртіп ретінде, мысалы, еуропалық өзіндік сана мен еуропалық тарихи әлеуметтану үшін негіз болды. Дегенмен, көптеген еуропалық мемлекеттер олар қаншалықты ұлттық мемлекет болса, соншалықты империялық болды – көбіне ұлттық мемлекет болғанға дейін немесе болумен қатар – және мемлекеттің саяси элитасы әрқашан әдетте мойындалып жүргенінен де анағұрлым кең әрі стратификацияланған болды. Мысалы, Британ империясының саяси бірлестігі, тарихи тұрғыда мультимәдени бірлестік болған кезде, саяси бірлестіктің шекаралары ұлттық контексте түсіндірілетін мемлекеттердің аймақтық шекараларымен сәйкес келетін секілді түсіндірілетін бұл ұғым қазіргі саяси дискурста сирек енеді. Өткен отаршылдықты еске алмау арқылы, постколониялық Еуропаның (және Батыстың) қазіргісі еленбейді. Мұндай таңдаулы түсініктің саяси салдары Еуропадағы көптеген ұлттық таңдауды тудыратын иммиграция туралы пікірталастарда жақсы айтылады, олар өз кезегінде Еуропадағы көптеген ұлттық сайлаудың мазасын қашырды. Сайлаулар, адамдарды бірге байланыстыратын саяси келісімшарттар, келіссөздердің негізі болып табылған кездегі уақытты білдіреді. Алайда, бұл келісімдер қазіргі заманғы шарттарды жасауға үндесе де, олар бұйымдардың нақты тарихи нарративі контекстерінде пайда болады: анықтама бойынша, «мигранттар», ұлттық негізде түсіндірілетін мемлекеттің тарихынан шығарылады.

Саяси қауымдастық тарихынан шығарып тасталғандар, сондай-ақ «мигранттар» да мемлекеттік бірлестік

шегінің құқығынан шығарылады және бұл мемлекеттік бірлестіктен кету үнемі бұйырылып отырады. Алайда, біз халық-мемлекеттің тарихын «түпкі» тұрғындардың қызметін есептеуден бұрын кеңірек түсінсек, қазіргі ұлттық шекаралардың тарихын қисынсыз қысқарту, анағұрлым ауқымды тарихпен байланысты мигранттар секілді топты неғұрлым дұрысырақ, яғни азамат ретінде қарастырудың орнына азаматтық қауымдастықтан оны сәйкестенуден алшақтатады. Миграция ұлттық және Еуропалық сәйкестіктің ажыратылмайтын нарративі болып табылады; миграцияны мемлекеттің тарихы үшін орталық және анықтағыш ретінде түсіну - мигранттар күтіп жүргендей әлеуеті күтудегі әлеуетті азаматтар ғана емес, тарихи тұрғыдан осындай азаматтар екенін ұғыну болып табылады.

«Байланған әлеуметтану» ұстанымдары, осы әлемнің пайда болуына мүмкіндік туғызған үдерістердің ішінен өз орнын анықтай отырып, әлемнің позициясы тұрғысынан бастауды талап етеді. Әлемнен өз орнын анықтаудан бастағанда, олар түсіндіруге тырысатын, тұлға немесе оқиғаға қарағанда әрқашан ауқымды түсінікті қамтамасыз ететін байланыстарды шығара отырып, біз міндетті түрде әлемдегі осы орынмен байланысты тарихтан бастаймыз. Жоғарыда талқыланған жаһандық әлеуметтануға анағұрлым жалпы ұстанымдар әлемдік тарих туралы мәселе еуропалық осы заманғыны басқа қоғамға әкелді деп болжанатын байланыстарға ғана маңызды ретінде айналып өтті. Керісінше, «байланған әлеуметтану» ұстанымында Еуропаны, ол жерде отарлық пен құлдықты қалай құрғаны және одан кейін ұтқандарын ескере отырып, Еуропаны анағұрлым кең процестердің шеңберінде орнату қажет және қазіргі күндері біздің жиі кездесетін мәселелерімізді шешу үшін Еуропаны басқарғандардан нені үйренуге болатынын қарастыру қажет.

«Байланған әлеуметтану» ұстанымы, жаһандық әлемде әлеуметтік әділеттілікті бекіту ісінде әлеуметтік қиялға жаңа күш беру үшін қажетті жұмыстар мен міндеттерді орындауға бағыт-бағдар көрсетеді. ■

Хаттарды Гурминдер К. Бхамбрада жолдауға болады
<G.K.Bhambra@warwick.ac.uk>

> Біз қалайтын болашақ

Маркус С.Шульц, Урбана-Компайндағы Иллинойс университеті, АҚШ

Халықаралық әлеуметтанушылар ассоциациясының (ХӘА) зерттеулер бойынша вице-президенті (2014-2018)



Көкжиектен күннің шығуын көру үшін әлемнің сан тарапынан келген зияратшылар, альпинистер мен саяхатшылар Жапониядағы Фудзи тауындағы саммитте тік қыраттармен күресе жаңа күннің арайлы таңын күтіп, түнді өткізді. 2014 жылы «Тең емес әлеммен бетпе-бет» тақырыбында Әлеуметтану бойынша Йокагама Әлемдік конгресінен кейінгі Маркус Шульц ұсынып отырған мына фотосурет - ХӘА келешектегі форумында өңіміең жалғасатынын көрсетеді, бірақ тең емес әлемді қалай жеңуге болатынын, күтуден үміттенетін өртүрлі әлеуметтік субъектілер қондырмалардың мириадасында өртүрлі әдіспен күресіп жатқандығын және осы жобаға жаһандық әлеуметтану қалай үлес қосатынын тұжырымдайды.

Маркус Шульц ХӘА зерттеулер бойынша вице-президенті ретінде 2016 жылы 10-14 шілдеде Вена қаласында өтетін ХӘА үшінші форумының аясында талқыланатын тақырыпты «Біз қалайтын болашақ: жаһандық әлеуметтану және жақсы өмір үшін күрес» деп көрсеткен. Бұл мақалада ол тақырып қалай пайда болғандығын жазады. Форум туралы толығырақ ақпаратты мына сілтеме арқылы білуге болады <http://www.isa-sociology.org/forum-2016/>

Жаһандану барысында әлемде үзіліссіз әділетсіздік, жүгенсіз дау-дамай және қоршаған ортаны ыластау орын алған. Осыған қарамастан жағдай жақсарады деген үміт сақталады. Бұл үміт – Чьяпас орманынан Йоханнесбург төңірегіне дейін, араб елдері астаналары көшесі мен Чикаго төңірегіне дейін, мигранттардың көші-қон жолдары мен жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының виртуалды кеңістігінде орын алған ашық күрестен нәрленген арман. Өлі де сарқылмаған утопиялық қуат, идеялар ғылыми жаңашылдыққа шабыттандыруы мүмкін. Бұрын болмаған қауіп-қатерлер және мүмкіндіктер ойлаудың жаңа тәсілдерін талап етеді.

>>

Жаһандану өндірістің дамуы мен мол байлықтың пайда болуына жол ашып ғана қойған жоқ, сонымен бірге теңсіздік, маргиналдық және кедейлікті тереңдетті. Жаһандану үрдістері нарық, мемлекет және қоғам арасындағы қатынастарды үлкен өзгерістерге ұшыратып, осы салаларды тығыз байланыстырды. Бұл жағдайдан бірде бір ұлт, қала, аудан немесе қауымдастық шет қалмады. Жаһандану тиімділігі мен тәжірибесі біркелкі емес және көбінесе қайшылыққа толы. Тарихта қазіргідей мигранттар көп болған жоқ еді және қоршаған ортаның өзгеруі болашақта көші қонды ағынын күшейтуі мүмкін. Жаңа трансұлттық кеңістік мәдени саналуандықты күшейтеді, ол мобилдік теңсіздіктің қалыптасу тірегіне айналуға. Жаһанданудың жеделдеуіне жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар ықпал етіп отыр. Сонымен қатар олар тек біріктірумен қатар ажыратуда, еркін алмасуға ықпал жасаумен қатар шектеуде. Басқарудың, қадағалаудың және күрестің жаңа түрлері пайда болуда.

Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда детерминистік үлгілер мен әскери күш көрсету тым тиімсіз, тым қымбат және ең соңында нәтижесіз болып шықты. Тұрақты шешімдер қабылдау үшін негізгі мәселелерді тереңірек әрі әдіснамалық ашық талдау қажет. Жаңа трансұлттық динамикалық нәтижелер бой бермейтін күштердің әсер ету салдарынан емес, арнайы немесе басқаша қабылданған шешімдер мен таңдау, институттық шарттардың әлеуметтік қалыптасуы және рефлексиялық агенттер арқылы пайда болуда. Ұлттық әлеуметтанушылардың басым бөлігі болашақты зерттеуді айналып өтіп жүр. Неге олай? Әртүрлі жергілікті сипаттағы себептердің ішінде бір көзқарас кең тараған. Ол - пікірдің негізінде болашақты білмейміз, сондықтан білмейтін жағдай туралы айтпауымыз керек, болашақ туралы үндемегеніміз дұрыс дегенге саяды.

Бұл ұстаным - күнделікті өмірімізді ұйымдастыру болашақ туралы көптеген қысқа және ұзақ мерзімді, шағын және көлемді болжамдар негізінде екеніне қарсы көзқарас. Біз бір жағдай болашақта болады не болмайды, ол мүмкін не мүмкін емес, ол қолайлы не қолайсыз деп зерттеулер негізінде шешеміз. Болашаққа бағытталған адамзат тіршілігінде күту, ұмтылыс, қиял, жоспарлау, жобалау және болжау - маңызды аспектілер.

Әлеуметтану болашаққа бағытталған ғылым деп қабылдасақ, бірнеше күрделі де қиын сұрақтар туындайды. Біз болашақты қалай тұжырымдай аламыз? Болашақты зерттеудегі тиімді жолдар мен бәсекелі амалдарды қалай бағалаймыз? Осы сұрақтарға жауап табуда бірнеше теориялық негіздер өз үлесін қосуы мүмкін.

Бұрын көп жағдайда болашақ алдын ала анықталған болып көрінетін, демек дұрыс негізде болжамды деп қарастырылды. Әлеуметтанудың пайда болу кезеңінде діни ұстанымдар болашақты телос деп қабылдау әлеуметтік заңдардың позитивтік ізденісіне жол ашты. Бұл негіз Конттан бастап Дюркгеймге дейін қоғамды басқаруда пайдалы деп танылды. Маркс болса, осы ұстанымды қанауда болған пролетариаттың буржуазияны жеңіп салтанат құруы туралы тарих заңдары деп айтып, жақтады. Бірақ ол өзінің тарихи-эмпириялық еңбектерінде ешқандай тұрақты формула жоқ,

күтпеген іс-қимыл бар деген. Жаһандық Оңтүстік ғалымдары (мысалы, Амин, Кардосо, Дуссель, Гуа, Кихано, Недервеен Питерс, Саид, Сантос, Спивак) кең таралған үшінші елдер өз дамуында артта қалып, тек жаһандық Солтүстіктің жолымен жүріп, алға ілгерлей алады деген модернизация үлгілеріне сын айтты.

Осындай әлеуметтік тәжірибенің диссоциациясы радикалды екіұштылық сипатымен теориялық инновацияларға жол береді. Не басқаша болуы мүмкін еді? Орын алған әлеуметтік шындық адамзаттың детерминацияланбаған іс-әрекеті арқылы басқаша іске асуы, көп немесе аз рефлексиялық, шиеленісуі және бірлесуі жоғары немесе төмен амалдар арқылы мүмкін еді. Болашақтың белгісіздігі әлеуметтік агенттік тұжырым мен көптеген тарихи траекториялар арқылы заманауи әлеуметтік теориялардың тақырыбына айналды. Бүгінгі күнде бұл аутопозис, шығармашылық, қиял, елес арқылы өз көрінісін беріп келеді.

Әлеуметтанудың, әлеуметтанулық зерттеулердің болашақты зерттеуге бет бұруы кішкентай, елеусіз микро қарым-қатынасты эмпириялық, аналитикалық және нормативтік зерттеулермен қатар бүкіл планетаға ықпал ететін макро ағымдарды анықтайтын зерттеулерге жол ашып, тиімді нәтиже беруі мүмкін. Мысалы, соңғы кездегі акционистік теориялардағы жетістіктер позитивтік шектеулер мен таяз инструментализмнен бас тартуға мүмкіндік берді. Ұжымдық іс-қимыл мен әлеуметтік қозғалыстар теориялары аз санды бейресми қозғалыстардың (grassroots) баламалы сипатын мойындап, саяси бәсекелестікті жақсы түсінуіне көмектесуі мүмкін. Уақытқа диагностика жасайтын негіздер ағымдарды ажыратып тануға жағдай жасайды. Сыни теориялар қабылданған шешім құндылығын, пайдақор мүдделерді анықтауға және қоғамның әртүрлі салаларының салдарын ашуға көмектеседі.

Әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуі, адам құқығының сақталмауы, қоршаған ортаның деградациясы және сәтсіздіктер негізі болған - бөлу, мойындау мен басқару саласындағы өзекті мәселелер болашаққа бағытталған зерттеулерді талап етеді. Бұл зерттеулер тым тар корпорациялық және іскерлік перспективалар шеңберінен шығып, тұрақты баламалар табуға бастайды. Қазіргі экономикалық дағдарыс 1980 жылдан бастап басымдықта болған экономикалық негіздерді жоққа шығарған кезде әлеуметтік ғылымдардың мол мүмкіндігі осы бос кеңістікті толтыруы мүмкін. Жаңа концептуалды перспективалар мен әдіснамалық негіздер болашақта болуы мүмкін, біз қалайтын немесе бізге қолайсыз болашақты зерттеу үшін керек. Егер әлеуметтану бұдан да өзекті ғылым болғысы келсе, онда ол болжам жасау бағытында дамып, болашақты сан қилы, әртүрлі акторлардың қиялы мен іс-әрекеті ретінде қабылдаған жөн. ■

Хаттарды Маркус Шульцге жолдауға болады <markus.s.schulz@gmail.com>

> Француз әлеуметтанушыларының Шарли Эбдодағы қастандық туралы пікірталастары

Стефан Бо, Әлеуметтік ғылымдардың жоғары мектебі, Париж, Франция



Париж метросы. Фабьен Тронгы суреті,
12 қаңтар, 2015.

Париждегі Шарли Эбдоға болған қастандықтан соң және кошер дүкендегі антисемиттік кісі өлтіруден кейін әлеуметтік ғылымдар көпшілікке өз пікірін жедел жеткізе алды ма? Әлде сабыр сақтап әлеуметтанулық қағидаларға қарсы медиа интеллектуалдарға жол беру керек пе еді? Дегенмен, 11 қаңтарда болған азаматтық шеру көрсеткендей, француз қоғамын бір сәтте бөліп және оны қозғалысқа әкелген жағдайда үндемеу қалу аса қиын сияқты.

2005 жылғы Франциядағы тәртіпсіздіктен кейін Жерар Може зерттеулердің алғашқы топтамасын ұсынған. Оның мақсаты - осы жағдайлардың болашағы туралы әлеуметтанушылардың пікірін зерттеу. 2015 жылдың 7-9 қаңтарынан кейін танымал БАҚ бірнеше әлеуметтанушылардың қоғамдық позицияларын анықтау үшін олардың теориялық және саяси көзқарастарын көрсететін мақалалар жариялады. Лаңкестік әрекеттерден кейін дереу жарияланған осы пікірлер, әлеуметтанушылар арасында аталмыш жағдайларда каузалдықтың қай типін ұстану керек деген бұрыннан келе жатқан таласты ушықтырды. Сонымен қатар бізге не маңызды – адамның жеке іс-әрекеті әлде әлеуметтік тегі ме, оны түсіндіру әлеуметтік себептердің макро-әлеуметтанулық немесе құрылымдылықты жеткілікті дәрежеде қажет ете ме

>>

немесе тұлғаларды адамгершілік жауапкершіліктен не нәрсе босатады деген сұрақтар да өзекті болып кетті. Өлде, керісінше, дербес логикаға назар аударып, әлеуметтанушылық рөлден бас тарту керек пе?

Дау пікірталас туғызды. Алғашқылардың бірі болып Париждің маңындағы жасөспірім-дерді зерттеу нәтижелері бойынша пікір айтқан Ұлттық ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері Гюго Лагранж еді. Ол деликвенттілікті саяси сыпайылық тұрғыдан түсіндіруді мойындамай, дискриминация немесе әлеуметтік-экономикалық динамика нәтижесі емес, этно-мәдени шарттарды тәуелсіз факторлары ретінде қарастырды.

Ағайынды Куаши және Ахеди Кулибалидың әлеуметтік бейнесі (шығу тегі бойынша постколониялық иммигранттың ұлдары, мектепте нашар оқыған, қаланың маргиналды бөлігінде жағдайы төмен отбасында өскен, сотталған және т.б.) Ланграждың осыған дейін жасаған зерттеулеріне сай келеді. La Monde (14.01.2015 ж.) жариялаған «Деәлеуметтенуге ұшыраған аз санды ұлттар өкілдерінің адамгершілік кемшіліктерін мойындауға батылдық танытыңыз» атты мақалада ол келесі екі жәйтке назар аударады.

Бір жағынан Париж маңындағы қоғамнан шеттетілген аудандарда өскен француз жастары жат және қырғи-қабақ ортаның субмәдениеті арқылы деәлеуметтенуға ұшыраған дейді. Бұл жастар өзін-өзі бағалаудың төмендеген дәрежесін жоғарлату үшін жаңа діни тәжірибе, оның ішінде салафизм немесе исламның басқа да әсіре үлгілерін қабылдауға тырысады. Француз интеллектуалдары болса, осы басқарусыз қалған жастарды сипаттайтын өзекті (ер адамдардың шовинизмі, сексизм, гомофобия, күш көрсету және антисемитизм) ағымдарды зерттей алмай, отаршылдыққа байланысты кінәні сезініп, отар елдерден шыққан аз санды ұлттар өкілдерін адамгершілік кемсітуге және олардың теріс мінез-

құлықтарына қарсы тұра алмайды.

Келесі күні Әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің және Присто университетінің антропологы әрі әлеуметтанушының Дидье Фасин (Fassin) әлеуметтік себептерді объективті зерттеу міндеті бар екенін қолдап, өз пікірін білдірді. Ол қаланың әлеуметтік мәселелер шешілмеген бөлігінде жастар әлеуметтік және кеңістіктік сегрегацияны бастан кешіп, тұрақсыздық пен жұмыссыздықтың жоғары деңгейінен зардабын шегіп, жұмыс орнында, үйде немесе полицияда стигматизация мен нәсілдік кемсітулерге ұшырады деп жазды.

Фасин тарихи шиеленісу кезінде тарихшы Марк Блок «мін тағу әдеті» бар деп айтқандай, әлеуметтанушылардың маңызды рөлі бар екенін еске салып, біздің қоғам қазір өзі тудырып отырған жұмбақ, рақымсыз албастыдан бас тартып тұр дейді.

CNRS зерттеушісі және деликвентті жасөспірімдер бойынша сарапшы Лоран Мучиели (Mucchieli) болса талдаудың ұзақ мерзімді болашағын ұсынады (Mediarat, 2015 жыл, қаңтар). Франция 1960-1980 жылдары Солтүстік Африка мен «қара Африкадағы» (Сахара шөлінен оңтүстікке қарай, көбінесе қара нәсілді халықтар тұратын аймақ), бұрынғы отарлардан жаппай қызметкерлер тартқанына қарамастан өз тарихындағы екі негізгі жәйтті мойындаған жоқ. Бірінші, иммиграция интеграцияны мақсат тұтқан саясаттың субъектісі болған жоқ, екіншісі, француздар өздерін «толық немесе жартылай көпнәсілді және мультимәдени қоғам» деп мойындауға қарсыласты. «Исламды мойындау дегеніміз – қоғамдық қатынастардың құрамдас бөлігі ретінде күмәнсіз, күдіксіз және оған заңнамалық қарсылықсыз қабылдау деп білемін», - дейді. Ол өз зерттеуінде осы негізді ұстанып, келеңсіз деректерді әлеуметтік-экономикалық тоқырау, діни стигматизация және нәсілдік кемсідудің ықпалы деп түсіндірді. Бұл - бүгінде әлі кең таралмаған,

бірақ, пайдалы және керекті ұғым. Ол «прогрестің екі жолы бар сияқты», - дейді. Біріншіден, Әлеуметтік ғылымдардың жоғары мектебінің ғылыми қызметкері Кирилл Лемье өзінің «Әлеуметтанудағы абыржу» атты мақаласында (Liberation, 30.01.2015 жыл) теориялық позициясын сипаттайды. Лемье прагматикалық әлеуметтануда түсіндіру үлгілерінің шектерін қарастырады, бұл Бурдые идеяларынан нәр алған сыншыл әлеуметтанушыларға референция болуы мүмкін. Ол бұл әлеуметтанушылар тек қана құрылымдық динамиканы зерттеп қоймай, жас жиһадшылардың шын мұсылман болу ниеттерін де түсінулері керек екенін ұмытып жүр дейді. Бұл жерде Лемье шамасы 3500000 адамды біріктірген «Мен – Шарлимын» атты азаматтық шеруді саяси және нышандық айла-амал ретінде қабылдаған әлеуметтанушыларды сынауда. Лемье азаматтардың сол күні көшеге шығуға олардың адамгершілік көңіл күйі мен саяси сананың имманентігі себеп болып, сыншыл әлеуметтанушылар мойындамаған азаматтардың өзіндік рефлексиясына сенетінін айтады.

Екінші эмпириялық негіз макро-әлеуметтанулық және құрылымдық талдау шеңберіне сыймайтын деректерді қарастырады. Үш қанішердің балалық шағы кедейлікте өткен. Ағайынды Куашилер жасөспірім шақтарында ерте жетім қалып, Крозьедегі балалар үйіне орналастырылған. Бірақ олар институттық қолдаудан толық жұрдай болған жоқ, олар сорақы дискриминацияның құрбаны емес. Мысалы, Ахмеди Кулибали Pepsi-Cola қолдауымен білім алған, оқу кезінде Елисей сарайында Николя Саркозиге кездескен. Саид Кауши болса, Париж мэриясында жұмыс атқарған, бірақ 2009 жылы жұмыстан шыққан, оған оның діни талаптарды (әйелдермен қол беріп амандасу, күніне бес рет намаз оқу) мұқият орындауы түрткі болған сияқты.

Осы көзқарасқа сәйкес, француз жиһадшыларының бәрі қала маңындағы кедей постколониялық иммигранттардың ұрпақтары емес. Жиһадшылардың қатарына әлеуметтік интеграциядан өткен топтар өкілдері ретінде кейбір жас мамандар, сонымен қатар олардың арасында қала орталығынан шалғай өскен жастар да бар. Дания сияқты отарлау тарихы жоқ және аз санды ұлттарға әртүрлі көзқараста болған елдер, Франция сияқты үрейлі. Біз бұны қалай түсіндіре аламыз? Зерттеулерімізді макро-әлеуметтанулық факторларға (кедей қала маңы, біліктілігі жоқ иммигрант жастары, кемсіту, институттық нәсілдік) редуция жасап, біз бұл жастар «қауіпті» деген стереотипті еріксіз нығайта береміз.

Дін әлеуметтануы бозбалалардың дінге шын берілгендігін түсінуге және діни ұйымның секталық қозғалысқа айналған динамикасын талдап, қатарға кіргендердің мінездемелерін анықтауға көмектеседі. Бұл түсіндіру типі экстремистік

қозғалыстар аясында мұсылмандық тәжірибе міндетті түрде құқықтық болмайтын жәйттер логикасын ашып тәрбие беру әлеуметтанумен байланысты болады. Сонымен қатар, біз Шарли Эбдо кеңсесіне жасалған қастандықтың себебін анықтауда осы мұсылман жастардың журналдын (журнал өзін ақылсыз және әдепсіз деп анықтаған болатын) дінге қарсы әжуа-қалжыңын қабылдамауын ескеруіміз керек. Сондықтан, CNRS ғылыми қызметкері Джули Пагис Шарли Эбдоның исламды кемсітуін қабылдауда өзіндік мәселелері бар екенін айтады. Бұл басымдыққа ие дінге қастандық болды, сондықтан журналдың «шабуылы» жастардың ата-аналарының отарлық және пролетариаттық кезеңіндегі қорлау сәттерін еске түсірді.

Сонымен, біз әлеуметтанушылардың әртүрлі божамдарын талдай алсақ, медиа-конструктілер әлеуметтанудың нышанды билігін құруда. Негізгі мәселе – кім пікір білдіруге құқылы? Қастандықтан

кейін Магриб және африкалық иммигрант ұрпақтары – кәсіпкерлер, суретшілер, жазушылар және спортшылар сөйлей бастады. Академиктер, әсіресе әлеуметтанушылар, У.Э.Б. Дюбуа африкалық-америкалықтарға байланысты қойған «Өзіңді кінәлі сезіну қалай?» деген сұраққа жауап іздей бастады. Әлеуметтанушылар ретінде біз ағайынды Куаши мен А.Кулибали шыққан әлеуметтік ортаны зерттеуде кездесетін қиындықтарды айтуымызға болушы еді. Бізде соңғы онжылдықта терең өзгеріске ұшыраған иммигранттардың ортасы туралы этнографиялық деректер жеткіліксіз. Зерттеу жобаларын қаржыландырып, сол ортадан шыққан әлеуметтанушыларды стипендиямен қолдауымыз керек. ■

Хаттарды Стефан Бейоде жолдауға болады
<stephane.beaud@ens.fr>

> Шарли Эбдоға дейінгі және кейінгі экстремистік саясат

Мейбл Березин, Корнелль Университеті, Итака, АҚШ және Әлеуметтанулық теория (RC16) бөлімі бойынша Халықаралық Әлеуметтанушылар ассоциациясының мүшесі



Мари Ле Пен, президенттікке болашақ үміткер

16

Бүкіл әлемнің саяси көшбасшылары мен жұртшылық Шарли Эбдодағы кісі өлімін пікір білдіру еркіндігі мен негізгі демократиялық қағидатқа қарсы қастандық ретінде қарастырды. Алайда, бұл өлімнің саяси және әлеуметтік мәнінің ауқымдырақ екені бірден анықтала бастады: келесі күні еврей дәмханасында төрт адамның өлтірілуі халықаралық журналистерді 1930-жылдардың қайтып оралуы туралы жазуға итермеледі.

Шарли Эбдо Франция мен Еуропаның Сараевосы болды, яғни бұл қастандық Францияда және басқа елдерде саяси дағдарыс тудыру мүмкіндігін сипаттайды. Ырыққа көнбейтін несиелік дағдарыс, тақуалық (аскетизм) саясаты, көпдеңгейлі босқындар дағдарысы, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейдегі көрсеткіштері, синагога мен еврей зираттарына антисемиттік қастандықтар – барлық осы құбылыстар бүкіл Еуропадағы оңшыл және ұлтшыл партиялардың күшеюіне жол ашты.

Францияның Ұлттық майданы мен оның көшбасшысы Марин Ле Пен осы қозғалыстардың өркен жаюның бел ортасында болды. 2011 жылы Марин Ле Пен әкесінен партияны басқару құқығын мұраға алды, әкесінің антииммигранттық риторикасы партияға бірнеше онжылдық бойы арандатушы ретінде өмір сүруіне мүмкіндік берді. Марин Ле Пеннің мақсаты - Ұлттық Майданды (National Front) арандатушы емес, басқарушыға айналдыру болды, сондықтан ол күшін аскетизм, евро дағдарысы мен жұмыссыздық мәселелеріне жұмылдырды. Ұлттық Майдан тарихымен таныс емес оқырмандар оның «парасатты» ережелері кейбір орталарда неге жиі үрей тудыратынын түсінбейді. Жақында Нью-Йорк Таймс басылымында Марин Ле Пен былай деп жазды: «Ислам фундаментализмі «біздің мұсылман отандастарымызды» ренжітетін «исламның қатерлі ісігі» – бұл тенденцияны еуропалық қауымдастық маргиналды партиялардың беталысының бір бөлшегі ретінде қарастырады.

>>



Грек парламентіндегі «Алтын таң»
неонацистік қозғалысы

> Жылдамдық пен саяси тұрақсыздық

Алайда, еуропалық демократия беріктігіне қауіп-қатер негізі басқа жақтан туып отыр. Біріншісі, еуропалық саяси күштер орналасуының жылдамдығы және сайлаушылардың қалауы мен эмоцияларының тұрақсыздығы; екіншісі, Шарли Эбдо тәрізді оқиғалардан бастау алатын, саяси және экономикалық дағдарыстар аралығындағы жағымсыз синергия болып табылады.

Эрик Хобсбаум «ашулы адамдардың көктемі» деп айтқандай, 2012 жылдың көктемі өзгеріс кезеңі болды. Еуропалық саясат қуат жинап жатқандай әсер қалдырды: бір электорат екіншісімен ауысып жатты. Оңшылдар мен солшылдардың саяси шектен шығуы электораттық прогреске жол ашты. Франциядағы президенттік сайлауда Франсуа Олланд жеңгенмен, Марин Ле Пен үшінші орынға ие болды. Ол солшылдар мен оңшылдарды бірге алғанда қазіргі президент Саркози немесе оның Социалистік Челленджеріне қарағанда, сайлаушылар дауысын көбірек жинады.

Көп уақыт өтпей-ақ, Грекияның көпшілік неонацистік партиясы, қызба антииммигранттық Алтын Таң (Golden Dawn) дәстүрлі оңшылдармен ығыстырылды, сол кезде аты аса танымал Сириза, Социалистік коалиция Социалистерді орнынан ығыстырды. 2014 жылдың соңында, Шарли

Эбдо қастандығынан бір апта өткен соң, Грекия қайтадан сайлау өткізді – қазір Сириза Грекияны басқарса, ал Алтын Таң (Golden Dawn) саны бойынша елде үшінші орында тұр. Еуропалық Экономикалық және Валюталық одақтарда мүшелікті қолдайтын және Еуропалық одақтың қатал үнемдеу мандатымен шырмалмаған Швецияда да электораттық тұрақсыздық орын алды. Таяуда Швециядағы парламенттік сайлауда Швецияның оңшыл демократтары 2010 жылдағы 6% дауыстан 2014 жылы 13% дауысқа дейін өсті.

2013 жылғы сайлауда Италиядағы Бес Жұлдыздық Қозғалыс (Five Star Movement) бірінші орынды алды, ал Испанияда солшыл Подемос (Podemos) қозғалысы біршама орынға ие болды. Дегенмен, Германиядағы Пегида (Pegida) оңшыл антииммигранттық қозғалысының пайда болғанына аз уақыт болса да, бұл қозғалыс сайлау округына ие бола алды – әсіресе, 2010 жылы Тило Саррацинның Германия өзін жоғалтты бестселлерінің қарқынды ықпалымен жүзеге асты.

> Жағымсыз синергия мен саяси көңіл-күй

Елеулі ерекшеліктеріне қарамастан, бұл партиялар мен қозғалыстардың ортақ белгілері бар: ұлттық мемлекеттер алдындағы парыз, Еуропаның бірігуіне деген сенімсіздік пен жаһандануға антагонистік көзқарас. Олар евроға

қарсы саясатты ұстанып, Валюталық одақтан шығуды жақтайды және экономиканың аскетизмге толы саясатына күшті қарсылық білдіреді.

Шарли Эбдо иммиграция мен интеграция мәселелері төңірегінде жаңа өзекті пікірталас алаңын тудырды. Егер Еуропалық одақ енгізген қатаң аскетизмі Ле Пен сияқты саясаткерлерге неолибералдық және жаһандық бағдарламаны қауіпті деп анықтауға мүмкіндік берсе, онда Шарли Эбдо өлімі ислам фундаментализмі бар және қауіпті, иммиграция күрделі мәселе деген наразылықтарға ықпалын күшейте түсті. Бұл ұзақ уақыт бойы Еуропалық оңшылдардың дәлелі болып келсе де, Франция премьер-министрі «Франциядағы этникалық пен әлеуметтік апартеид» туралы айтқанда оны Шарли Эбдо өлімінен байланыстырды.

1919 жылы Джон Мэйнард Кейнс былай деп жазды: «Алдағы жылдардың оқиғаларын мемлекеттік қайраткерлер арнайы қалыптастырмайды, бірақ саяси тарих қойнауынан толассыз аққан жасырын сел тәрізді оның қорытындысын ешкім болжай алмайды [екпінді қостым]». Кейнстің соғыстан кейінгі жылдары айтылған экономикалық және табиғи күйзеліс туралы пікірі қазіргі Еуропада да қорқыныш тудыруда.

Еуропада 1930 жылдардың қайталануы және фашизмнің оралуын байқаймыз ба? Алтын Таң (Golden Dawn) ұлтшылдықты ашық қолдаса да, Франция Ұлттық Майданы мен Швеция Демократтарының мақсаты авторитаризм емес, ұлтшылдық болып табылады; Норвегиялық Андерс Брейвик сияқты абыржыған адамдар түсінікті саяси бағдарламалармен бас қатырмауы қажет. 1920 және 1930 жылдардағы диктатуралардың қайтып оралуын айту қолмен басатын машинкаға көшуді болжағандай аңғырттық болар еді. Қазіргі кезде еуропалық ұлттық мемлекеттер рәсімдік демократиялық болып табылады: тіпті мажарстандық президент Виктор Орбанның «сауатсыз демократияны» қолдауы әлі күнге дейін демократияға

берген бос сөз ретінде қабылданады.

Қазіргі Еуропаның «жасырын бағыты» — қараңғы, және ұжымдық көңіл-күй тарихи параллель туғызып отыр. Себастьян Хэффнер өзі өмірден өткеннен соң жарық көрген 30-жылдардағы Германия туралы мемуарында үміт, торығу, қорқыныш, ашу мен адасуды Гитлердің билікке келуінің алғышарты ретінде анықтайды. Дәл осындай зұлмат көңіл-күй Еуропаны қазіргі кезде шарпуда. Жақында өткізілген Франциядағы ұлттық сауалнамада респонденттер өз көңіл-күйін «сенімнің жоқтығы», «депрессия» және «ебедейсіздік» деп анықтады. «Құлшыныстың» ең соңғылардың бірі болып таңдалуы — қазіргі Францияда консервативті журналист Эрик Земмурдың Французша өзін-өзі Өлтіруі [Le suicide français] бестселлерге айналып отырған жағдайда таңғаларлық ештеңесі жоқ жаңалық.

Экономикалық дағдарыс пен қатаң экономикалық саясаты жоқ нағыз оңшылдар мен солшылдар партиясының тартымды болуы екіталай. Алайда, 1970 жылдардан бастап, экономикалық стратегиялар мен өзара көмек принциптері қажетті дәрежеде жұмыс атқармады. Сол сияқты, 19 ғасырда ұлтшылдық пен мультикультурализмдік идеализмге сүйенген иммиграция мен интеграция саясаты қайтадан ойластырылуы қажет. Қазіргі жағдайдан шығу үшін еуропалық көшбасшылар бүкіл жұмылдырылған, әлеуметтік ынтымақтастықтың жаңа түрлерін ойластырып, жүзеге асыруы тиіс. Көшбасшыларға келешекті ойластыру мүмкіндігін беретін, ұжымдық сенім сезімін қайтадан қалыпқа келтірулері қажет. Экономикалық қайта сұрыпталу — бастама болғанымен, бірақ экономикалық саясаттың жалғыз өзі жеткілікті емес. Еуропалық көшбасшылар саяси кеңістікте әлі күнге дейін ұлттық масштабтағы қауымдастық мәні туралы шынайы ойлауы қажет; олар «аса жасырын емес» селге қарсы жүзуі керек, олай етпесе Шарли Эбдо сияқты оқиғаларға тап болуы мүмкін. ■

Хаттарды Мейбл Березинге жолдауға болады <mmb39@cornell.edu>

> Алаң жазбалары: Еуропа өндірген үрей

Элизабет Беккер, Йелль Университеті, АҚШ



Элизабет Беккер мешіттегі рәсімде

Этнография күнделікті өмірді бақылау мен оған қатысу арқылы өзгелердің әлеміне ену мүмкіндігіне жол ашады. Мұрағаттық жұмыстан ерекшелігі этнографиядағы сауалнама немесе эксперименттік әдістердің нақты оқиғаларды сипаттауда үзіліске байланысты өзгеріп кетуі немесе зерттеуді анықтауда осал жерлері бар. Осындай жағдайлар Шарли Эбдо журналистерінің өлімінен кейін Еуропаның үш мешде зерттеу жүргізген кезде де болды.

Мен Еуропадағы мұсылмандардың мәдени және рухани әлеміне ену үшін және олардың идентификациясына таңылған таңбаға қалай тап болғанын

түсіну үшін мешіттерді этнографиялық тұрғыдан талдадым. Мұсылмандардың күнделікті өмірін олардың көзқарасы негізінде ғибадатханалардың ішіне еніп, көргім келді. Олардың арасында болып, қазіргі кезде исламды қоршап отырған күрделі саяси жағдайды талдау емес, олардың күнделікті өмірін зерттеу мақсатым болды. Зерттеу алаңына – Берлин, Лондон мен Мадрид мешіттері – ену дербес трансформацияларды қажет етті. Сәнқой және феминист ретінде өзіндік сана-сезімді құрметтеп, мені ілтипатпен қабылдауы үшін күрестім. Басында бетіме немесе жерге түсіп кете беретін мойынорағышпен әурелендім. Алайда, тез арада өзіме

>>

назарды аудартып, жібек маталарға оранып, Берлин орталығы арқылы өтетін автобуска кең хиджаб киіп міндім; Лондондағы Олдгейт-Истте карриге тапсырыс беру қызметі көрсетілді; Мадрид аумағындағы мешіттен шыққанда адамдар менен көз айырмай қарады. Мұсылман өмірін сүруге шешім қабылдағанда, мен қорқыныштың әртүрлі бейнесін бастан кешірдім.

Менің орамал тақаныма таңқалып бұрыламын деп, велосипедінен құлаған немістен де шошынған жоқпын. Католиктер қаласы Кёльннің үлкен мешіті ғимаратын айқаймен оқшауландыруға тырысқан Кёльндегі оңшыл қозғалыстың шағын тобынан да қорықпадым. Мен, әрине, мешіттен қорықпаймын.

Зерттеу басында басымнан өткізген жалғыз үрей-егде мұсылман әйелдердің менің мешітте не істеп жүргенімді түсінбей жасаған пайымдаулары. Мен толығымен хабардар да, хабардар емес тарапта да болмадым; мен талапқа сай киіндім, бірақ ерекшелігім болды; мен мұсылманға тұрмысқа шықтым. Әйелдер орамалымды жиі дұрыстаумен болды, тағы бір қабат орамал қосты (иығымның үстінен қосымша қалыңырақ орап), менің шалбарым мен шұлығымның манжетін алдыртып тастады. Олар араб әріптерін үйретуді айтпағанда, өзгелер аз тұрақтайтын кеңістікке тиесілі болуыма «көмектесу» мақсатында мені қымтаумен болды. Элизабеттің мешіттің күнделікті өміріне қатысқысы келетінін түсіне алмағандықтан, олар тіпті мені Фатма деп атауды сұрады. Олар өздерінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында, менің олардың бірі екенімді сезінсін деп, менің атымды қайта қойды. Алайда, Берлинде бөлінген екі әлем шегінде теңдік сақтауға талаптанғанымда, алаңдық зерттеулерім мен зерттеуші ретінде бұл үрейлер өзім үшін ұсақ және үйреншікті болып қалды.

Мультимәдениет орталығы болып табылатын Лондонда, менің екінші зерттеу алаңымда, мен өзімді көбірек түйсіндім. Мен және менімен достасып кеткен, сыйыну борышымен өмір сүретін әйелдер арасындағы айырмашылық анығырақ білінді.

Дегенмен, сірә, қаншалықты қайшылық болса да, бұл ерекшеліктер сол шекараларды жоюға мүмкіндік берді. Мен «өзгелер» тобы тұрғысынан біршамасын оңай көре алдым, олар - әйелдермен байланыс кезіндегі балаларды қамқорлыққа алу, ащы карри дәмі мен талғамдарымыздың әртүрлілігіне қарамастан, сезімтал көзіміз. Осы әйелдер менің мешітте болуымның «шынайы» мақсатына күдіктенумен қарады және көбісі менің академиялық мақсаттарым бойыма біткен балаға қарағанда, қосалқы екеніне сенімді болды.

Мадридке Шарли Эбдо оқиғасы болар алдында бір апта бұрын келдім, сүт қатқан кофе ішіп, Ретро бағында ұзақ серуендеу рахатына бөлендім. Менің мешітті зерттеуім жай басталды. Жергілікті тұрғындардан мешіт туралы сұрастырғанда, көбісі менен жауап күткендей қарады. «Мадридте мешіт бар ма? Сіз Кордованы айтып отырсыз ба?» - олар үйреншікті сөздерден қатты ерекшеленетін осындай сұрақ-жауапты қойып отырды. Мұсылман әйелдерді кездестіріп сұрастырғанда, олар күліп былай жауап берді: «Мешіт ешқашан қала орталығында, астанада болған емес».

Мен тәжірибелі болғандықтан, Испаниядағы мұсылман қауымдас-тығында бұрыннан үрей бар екенін байқадым. Бұл Парижде болған өлімнен кейін пайда болған жоқ, өлім бұл үрейді күшейте түсті. Шарли Эбдо оқиғасының алдында бірінші рет мешітте болдым, одан мені қуып шықты. Топтық мерекелерге қатысуға рұқсат сұрадым, бірақ ондай мереке болмайды деген өтірікті естідім. Екіншіден, қаланың оңтүстігінде орналасқан мешітте есік алдында тұрған ер адам менің іздеген жеріме дұрыс келгеніме сенімділігімді сұрады. Мен сенімді екенімді білдіріп, басымды изегенімде, ол балаларының ойынын көрсетуін тамашалап отырған әйелдер тобына қуана алып келді. Балалар баламның бетін сүйген кезде, олардың аналары маған таңдана қарады.

Алайда, қастандықтан кейін мешітте күдікті адамдар азайғанымен, жиі бос тұрды. Қастандықтан соң бір апта өткен кезде, мен Масджид мешіті орналасқан аймақта мұсылман әйелдерді күтіп

отырдым, мешіт тек намаз оқитындарға ғана ашылды, келген әйел болмады. Тіпті қаланың ең ірі мешіті де ішінен құлыптанып, тек намаз оқитын уақытта ашылып, бос тұрды. Мен баламмен бірге келдім, көргенім тек бірнеше әйел, екеуі әңгімелесіп отырды, тағы екеуі сыйынып, біреуі ұйықтап жатты, ешқайсысы менің сәлеміме жауап қайтарған жоқ. Қорқыныш сезімі менің бойымды билеп алды, сондықтан мешіттен асығыс шығып кеттім. Алғаш рет зерттеу кезінде бірдеңе дұрыс болмағанын сездім.

Шарли Эбдодағы өлімнен кейін күшейе түскен қорқыныш сезіміне Мадридте тап болдым, күрт пайда болған шарасыздық пен қауіпсіздік мешітте де үдей түсті. Полиция Калашников автоматтарымен Пуэрта-дель-Сольге келіп жетті - «күнге есік» - қала орталығы, мен баламды тербетіп ұйықтатып жатқанда ауаны қақ жарған дабыл естілді. Өткен жылы қазанда Дрезденде құрылған, Пегида қозғалысының испандық оңшыл қанаты (Отаншыл Еуропалықтар Батыс Исламдануына қарсы) ұйымдастырған шулы наразылықтар жергілікті құқық қорғау органдары тыйым салғанына қарамастан, мешіттен тыс жерлерде болды. Шарли Эбдодағы өлімнен кейін барлық континенттер мен елдердегі мешіт қабырғаларында «Өз елдеріңе қайтыңдар», тіпті «Исламға өлім» деген жазулар пайда бола бастады. Мен мешітке кіргенде, сөйлесуге қашқақтаған, Мадридтің ішкі және сыртқы аудандарында арақашықтық ұстауға тырысқан, менен қорқатындарды жолықтырдым. Олар кенеттен ниетімнің зиян болуы мүмкін сеніммен, менің мешіт ішінде болуымның себебіне күмәнданды.

Тек Париждегі қанды оқиғадан кейін ғана өзімнің саяси жағдайларды жете бағаламағанымды және зерттеулерімнің тоқтатылуы керектігін түсіндім. Менің басты идеям мешітке баратындардың саяси әлемін әлеуметтік және мәдени әлемдерінен айырып көрсету болды. Шынында саяси оқиғалар әлеуметтік және мәдени әлемді, сонымен қоса мені де қатты күйзелтті. Шығу тегіне қарамастан, барлық мешіттерге қауіп төнді. Алғаш рет мен мешіт ішінде

де қорқатынымды сезіндім. Шарли Эбдодан кейін АҚШ-ғы достарым Сауд Арабиясындағы және Ирак пен Левант Ислам мемлекеті (ИГИЛ) жасап отырған зорлық-зомбылық туралы айтып, менің мұсылмандармен араласып кеткеніме таңданып жатты. Мен қысылған жоқпын ба? Мен қорыққан жоқпын ба? Бұрыннан жоспарымда болған, испандық мұсылман жастар тобымен сұқбат жүргіздім. Олардың түсіндіруі бойынша, жер шарының түкпір-түкпірінен келетін лаңкестер зұлымдықтарынан әрдайым өздерін қорғап жүруі керек.

Мадридте бойымды билеген үрей сезімінен Берлинге оралғанда да арыла алмадым. Мұсылман орамалын тағатын құрбыларымның айтуы бойынша, олар Париждегі қастандықтан кейін үйден шықпауға тырысты, метрода басқа адамдар тарапынан сенімсіз кекесінді байқады. Берлиндегі түрік қарттары елдеріне қайту айтылғанда (басқа Түркияға) ыдыстарындағы шайларын төгіп алды. Берлинде мұсылман бозбала хиджаб киетін апасының жергілікті автобуста Париж қастандығынан кейін бір апта өткен соң басынан кешкен оқиғасын

айтып берді. Ол мұсылман емес мүгедек әйелге автобус платформасына мінуге көмектесіп жатқанда, жолаушылар жол беруден бас тартты. Автобустағы ер адам ұялмай және қымсынбай «біреу мынаны ұру керек» деп айтып салды. Бір ай өткен соң сол бала менен Солтүстік Каролинада үш мұсылман бозбала неге өлтірілгенін сұрады. Көзіне жас алып, сенімсіздікпен «себепсіз бе?» деп сұрады. Он бір жастағы Rubix кубик иегері Ферреро Роше шоколадың жақсы көруші – тіпті осы баланың да бойын қорқыныш билеп алған.

Әлемнің жаһандық бейнесі бойымызда қорқыныш тудырып, әлсіз етеді. Ұлтшыл оңшыл қозғалыстар осы үрейді пайдаланып, біздің әртүрлі әлем аясында өмір сүретінімізді мойындағысы келмейді. Пегида оңшылдар қозғалысы Германияда Дрезден көшелерінде тың күшпен шықты. 18 000 адам өшпенділікпен «исламдануға қарсы тұрды».

Германия канцлері Ангела Меркель мұсылмандар Германияның бөлінбес бөлшегі деп айта алады және мен оның сөздерінің символдық маңызы бар екенін жоққа шығармаймын, бірақ

мен көрген адамдардың келбеті аудан мешіттеріне қатер тудырып, Еуропаны «басқалар айшықтауын жалғастыруда» деп есептейді. Бұл, әлбетте, фанаттар іс-әрекеттерімен астасып жатыр – айуандықпен кісі өлтіруді тоқтатпай, Шарли Эбдоға қастандық жасаған қанішерлер, Ирак пен Левант Ислам мемлекетінің (ИГИЛ) сарбаздары.

Зерттеуші де, азаматта осы санқырлы, қақтығысқа толы қорқынышпен күресу жолдарын білмейді. Қауіпсіздік пен күдіктенудің жоғары деңгейі біздің әрекетімізге тек қана кедергі болады. Әртүрлі нәсіл өкілдері мен діни сенімдегі көршілерімізбен бірігуіміз қажет, сақтағымыз келетін азаматтық дәстүр арқылы біз экстремизммен сыпайы күресуіміз керек. Екі түрлі әлемде жүрген, әрі жат, әрі жақын адам ретінде, мешіттерді зерттеуші ретінде менің үрейім Шарли Эбдоға жасалған қастандықтан кейін күнделіктіден экзистенциялыққа ауысты. Мен де өзімді шекараларды біріктіру талпынысымнан да шегінемін; шекараларға мен сенбеймін. ■

Хаттарды Элизабет Беккерге жолдауға болады
<becker.elisabeth@gmail.com>

> Пәкістандағы әлеуметтанудың жай-күйін зерделеу

Лейла Бушра, Лахор менеджмент университеті, Пәкістан

Пәкістандағы әлеуметтанудың батыстағыдай буыны қатып үлгерген жоқ. Негізгі еңбектері жарық көрген 1960 және 1970 жылдары жарық көрген Хамза Алави біздің елден шыққан алғашқы әрі жалғыз халықаралық дәрежедегі әлеуметтанушы болды. Алавиден кейін Пәкістан туралы ешқандай ауыз толтырып айтар еңбек жазылған жоқ. Бірқатар тарихшылар, антропологтар мен саясаттанушылар жазған маңызды еңбектермен қатар, жақында ислам экстремизмі және оның Пәкістан әскері мен геосаясатына қатысы туралы біршама кітап жарық көрді, бірақ теориялық және нағыз әлеуметтанулық тұрғыдағы жұмыстар аз. Сонымен қатар, Пәкістанда әлеуметтанулық қауымдастықтар мен журналдар жоқтығы сезіледі.

Бүгінгі күнгі Пәкістанның шынайы әлеуметтанушының жанашыры ретінде Лахор менеджмент университетінде (LUMS) сабақ беріп жүрген бес (үшеуі АҚШ-та, екеуі Англияда білім алған) әлеуметтанушыны көрсетуге болады. Осылардың екеуі өз зерттеу алаңын, тиісінше, философия мен саясаттануға ауыстырса, біреуі енді өзгертейін деп жүр. Біздің тарихымыз бен мәдениетімізді ескерсек, жақын болашақта оң өзгеріс болады деу қиын.

1990 жылдардың ортасында Пәкістанның ең беделді бизнес мектебі – LUMS тек Еуропа мен Солтүстік Америкада білім алған оқытушылар дәріс беретін алғашқы студенттерге арналған төртжылдық оқу бағдарламасын бастаған болатын. Осылайша, Пәкістанның қоғамдық дисфункциялық алып білім беру теңізінде америкалық үлгідегі дербес әрі қымбат білімнің шағын аралы пайда болды. Ол кездері LUMS басымдылық беріп отырған негізгі экономика және информатика салаларымен қатар, оқу бағдарламасына бірнеше гуманитарлық және әлеуметтік ғылым курстары енгізіле бастады. Дегенмен, стандартты курстар жиынтығынан тұратын басты екі саламен салыстырғанда, гуманитарлық және әлеуметтік ғылым салаларында негізінде тек университет ұсына алатын пәндер ғана оқытылды және ол сабақтарды жергілікті қол

жетімді адъюнкт профессорлар мен (дипломаттар және психологтар сияқты) мамандар жүргізетін.

Студенттердің LUMS -қа келуінің басты себебі оның негізгі екі саласы болғанымен, олар әу бастан әлеуметтік ғылымды оқытудың жаңа тұрғысына оң көзқараспен қараған болатын. Уақыт өткен сайын әлеуметтік ғылымдар біртіндеп, экономика мен информатиканың қатаң талаптарына сай келе алмаған, бірақ LUMS-та қалғысы келетін студенттер есебінен жеке салаға айналды. Кампуста саны артқан студенттерді қамтамасыз ету барысында кафедра да кеңейді.

LUMS-тың төртжылдық бакалавриат бағдарламасына жиырма жыл толды, сонымен қатар, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар кафедрасы да ұзақ жолды бастан кешті. Тұрақты штат мүшелерінің негізгі тобы оқу жоспарын тазалап, бірыңғай батыстық дипломға негізделген ретсіз жұмысқа алудың орнына еңбек мәдениетін қалыптастыру арқасында университеттегі өз орындарын анықтауға маңызды үлес қосты. Айналадағы толық жүктемедегі жалғыз әлеуметтанушы ретінде мені ол кезде антропологтардың үлкен тобы қабылдаған болатын. Кафедра басшысының өзі – антрополог, жақында қоғамдық ғылымдар саласын саясаттану, экономика, әлеуметтану, тарих, ағылшын және психология сияқты салалармен ауыстырды. Біз жыл сайын пәнаралық конференция өткізіп, шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмастық. Дегенмен, әкімшілік тарапынан қарсылықтармен қатар, баяғы кафедра ұсынысы мен студенттер талабының сай келемеуі мәселелерін шеше алмадық.

Кейбір зерттеу саласы немесе жеке басының мәселелері бойынша Пәкістанда шоғырланған бір уыс қана кафедра мүшелерінен басқалары LUMS-та Еуропа мен Солтүстік Америкада, тіпті жаңа тенденция ретінде Шығыс Азия мен Таяу Шығыста жақсырақ жұмыс мүмкіндіктері шыққанға дейін уақытша сабақ беруде. Көбісі шетелден тұрақты жұмыс табуға үміттеніп, қысқа мерзімді қосымша қызмет атқаруға кетіп отырады.

“Әлеуметтану жоқ, бірақ әлеуметтанулық талдауға мұқтаж елдеміз”

Жоғарғы әкімшілік маман ағынын үлкен мәселе деп есептемейді. Олардың қалауындағы модель арнайы пән мен жеке қызметкерлерге иек артпайтын, қосымша шетелден келіп-кетіп жүрген оқытушылар-ақ оқыта алатындай болуы тиіс. Шындығында, LUMS-тың орталық әкімшілігі жаңа салаларды енгізуге екі жылдай қарсылық білдірген және олардың біздің пәнге деген құрметі тек студенттер сұранысының артуымен ғана байланысты болып отыр. Қызығушылық танытатын студенттер бізде аз емес, дегенмен, студенттердің сол қызығушылықтары көп жағдайда біз ұсынатын салалармен сай келмей жатады. Жыл сайын әкімшілік студенттер оқуға түсіп жатқанда қалаған негізгі таңдау курстарының санын жібереді, нәтижесінде саламыздың мүддесі ең соңғы орында қалып отырады. Біздің саламыздан кейін тек тарих қана тұр. Біздің курстарға жазылушылар аз емес, бірақ саламыз тек қосалқы сипатта ғана болып отыр.

Көзге көрінетін бір жетістігіміз ретінде көптеген студенттер аспирантураға түскенде пәндерімізді таңдайтынын айтуға болады, ал ондай студенттердің саны аз емес. Тіпті мұнда да көбісі дамуды зерттеу, медияны зерттеу, әлеуметтік саясат және жаңадан қосылған урбанистика сияқты қолданбалы бағдарламаларды жергілікті және шетелдік БАҚ пен донорлық ұйымдарда жұмыс істеуге көмектеседі деп үміттеніп отырып, жиірек таңдайды. Біздің студенттер ақылды, талапты әрі ынталы болғандықтан, олар ондай прагматикалық таңдау жасай беретіні анық. Менің болжамым бойынша, жылына әрі кеткенде 1-2 студент таза академиялық таңдау жасайды, бірақ оның өзінде ол әлеуметтануды таңдауы екіталай.

Егер Пәкістан әлеуметтануға келмейтін болса, мүмкін әлеуметтану Пәкістанға келуге күш салатын шығар. Мен,

ұлты пәкістандықтардың өзін қосқанда, көптеген батыстық білімі бар әлеуметтанушылар басқа жақта жақсырақ жұмыс табу мүмкіндіктері болса, онда осында қалады дегенге сенбеймін. Сондай-ақ, ірі әлеуметтанушыларды Пәкістанда аз уақытқа қызмет етуге шақыру қиын. 2008 және 2011 жылдар аралығында халықаралық конференциялар циклін үйлестірушісі ретінде мен студенттер мен оқытушыларды жігерлендіру мақсатында беделді академиктерді қысқа мерзімге шақырып отырдым. Кейбір мықты тарихшылар мен саясаттанушыларды шақыруда жолымыз болғанымен, ірі әлеуметтанушылардың ешқайсысы шақыртуымызға жауап берген жоқ. Болашақта әлеуметтанушылар жасы мен беделіне қарамастан біздің келесі академиялық іс-шарамызға оң көзбен қарар деген үміттеміз. Өз тарапымыздан әлемдік аудиториясы бар ХӨА бастамаларымен өзара байланыста болуымыз қажет.

Дегенмен, артылған үлкен үмітті бүкіл жаһан аспиранттары ақтайтын шығар. Пәкістан – әлемдегі ең «қауіпті» ғана емес, сондай-ақ, жете бағаланбаған мемлекет. Пәкістанның мемлекеттік құрылымы мен қоғамының кейбір аспектілері жүйелі түрде талданып келді. Қызықты диссертациялық тақырып іздеген аспиранттар Пәкістанды зерттесе, жақсы жұмыс шығар еді. Жақында бітірген докторанттар да біздің университет сияқты шағын ортада жұмыс істеу артықшылықтарын қарастырып көрсе болады: ынталы студенттер, білім беруді ұйымдастыру еркіндігі, қисынды сағаттар саны және өзге саладағы әріптестерімен өзара қызмет ету. Біз – әлеуметтанусыз, бірақ терең зерттеуді қажет ететін елміз. ■

Хаттарды Лейла Бушраға жолдауға болады <laila@lums.edu.pk>

> Пәкістандағы әлеуметтану мүмкіндіктері

Хасан Джавид, Лахор менеджмент университеті, Пәкістан

Пәкістанда жұмыс іздей бастаған кезімде, әлеуметтанушылар үшін мүмкіндіктердің аз, тіпті, жоқтың қасы екенін байқадым. Әлемнің басқа көп бөліктеріндегідей, тарихи жағдайлар мен мемлекеттің ғылым және техникалық салаға баса назар аударуы әлеуметтік ғылымдарды еліміздегі университеттердің бірқатарында, салыстырмалы түрде, шетке ысырып тастады. Тіпті, әлеуметтану кафедралары бар жерлердің өзінде институттық кедергілер мүмкіндіктерді шектеуі жиі кездесіп отырады. Қоғамдық секторда, мысалы, оқу жоспарын жасау мен академиялық еркіндікке мемлекеттің араласуы қауіпсіз мемлекеттік жұмыс орындарына (көп жағдайда саяси партизан) орналасу мақсатындағы кәсіби бәсекелестік барысында оқыту мен зерттеу жүргізу тиімсіз жағдай тудырады. Жеке секторда университеттер экономика, бизнес, ақпараттық технологиялар сияқты түлектер үшін қаржылық қайтарымы мол мамандықтар бойынша деңгейлерге деген қомақты сұранысты қанағаттандыруға тырысты. Ынталандырудың төмендігі мен институттық қолдаудың аздығынан мемлекеттік және жеке секторлардың екеуінде де зерттеулер өте аз жүргізіліп отыр.

Осы оймен, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды қолдауға ниетті Пәкістанның бірегей жоғарғы оқу орындарының бірі – Лахор менеджмент университетіне (LUMS) жұмысқа кіруге өтініш білдірген болатынмын. LUMS-қа өтініш білдіруге барғанымда, оның әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі қайта құрылу үрдісін бастан кешіп отырған болатын: егер бұрын университет әлеуметтік ғылымдардағы әртүрлі мамандықтар бойынша бакалавр деңгейін ұсынған болса, ал қазір нақты бір пән ерекшеліктеріне бағытталған мамандар даярлауға ұмтылуда. Осылайша, әлеуметтанушы лауазымында қызмет атқаруға ниет білдіргеніммен, менің жаңадан құрылып отырған саясаттану кафедрасына қосылуымды сұрады.

Саяси және тарихи әлеуметтанудан алған білімім мен Оңтүстік Азиядағы мемлекет, тап және демократияландыру үрдістеріне деген қызығушылығымды ескерсек, саясаттану саласында жұмыс істеу мен үшін қиын болмасы анық

еді. Саяси ғылым саласында қосымша профессорлық оқытушы құрамы үшін бос орынмен қатар, бірқатар талаптар да қойылды; LUMS-та экономика мен қаржыдан кейін ең танымал бағдарлама саясаттануға жыл сайын 150 шақты жаңа студенттер тіркеледі, сонымен қатар оның антропология мен әлеуметтануға терең көңіл бөлетін бағдарламасы жылына жиырма-отыз жаңа ірі фирмаларды таратып отырады. Мұндай оқытушы құрамына деген айқын талаптардың болуын саясаттанудың өзге әлеуметтік ғылымдарға қарағанда, нарық тарапынан көбірек сұранысқа ие деген сенімнің болуымен түсіндіруге болады. Өсіп отырған студенттердің талабына тыйым салу әлеуметтану сияқты танымалдығы төмендеу пәндерді маргинал, біліктілігі жоқ әрі жеткіліксіз деңгейде қалдыруы мүмкін.

Пәкістанда жұмыс істеудің өзіндік кедергілері бар. Тіпті LUMS сияқты ой еркіндігі мен пікірталасты қолдайтын тамаша артықшылықтары бар жердің өзінде – көп жағдайда академиялық қор мен оқыту құралдарының жетіспеушілігі, зерттеуді материалдық және институттық қолдаудың сәйкес болмауы, аспиранттар мен бағдарламалар тапшылығы сынды мәселелермен күресуді қажет етеді. Осы қиындықтар бір пән алаңының аясында қызмет атқаратын және тең дәрежеде қатынасқа түсе алатын әріптестер ірі қауымдастығының жоқтығынан туындап отыр.

Пәкістан – мұраға қалған отарлық басқыншылық ауыртпалығымен қоса, жылдам экономикалық өзгерістер және урбанизацияны бастан кешіп отырған, терең мәдениетпен, даулы саясатпен, әлеуметтік және саяси мобилизацияның жаңа (кейде ескі) формаларымен демократияға өтіп отырған, әртүрлі діндерді ұстанатын шамамен 200 миллион халқы бар көпұлтты мемлекет. Дегенмен, әсіресе 9-11 оқиғасынан кейін, Пәкістан туралы және ондағы зерттеулер ислам мен жаугершілік аясына ұласты. Қаржыландырудың басым бөлігі (көбінесе, батыстық) осы саладағы зерттеулерге деген сұраныстарға бағытталғандықтан, сондай-ақ, зерттеушілердің басым көпшілігі өз уақыттары мен күш қайраттарын осы мәселелерге арнағандықтан, өзге зерттеу салалары мен ондағы гранттар

“Іс жүзінде әлеуметтік зерттеулердің қоғамдық және жеке секторы жоқ”

саны тиісінше төмендеді. Саяси ғылым шеңберінде осы кафедралар жұмысының басым бөлігі Халықаралық қатынастар мен Қауіпсіздік мәселелерін зерттеуге бағытталатындығын білдірді. Сонымен қатар, сандық әдістер мен зерттеулерге жасалған басымдық шетелдік донор ұйымдар мен мемлекеттік жоспарлау органдарының мүдделеріне сәйкес келіп отырды; Пәкістандағы әлеуметтанулық зерттеулер «саясат үшін маңызды» және тек экономистердің экономикалық моделдеуі үшін пайдаға асатын тар мәселелер төңірегінде ғана жүзеге асты. Күрделі әрі алуан түрлі бола отырып, Пәкістан көп жағдайда басқару мәселелерін арнайы саяси ұсыныстар тиімділігін көрсету арқылы шешілуі мүмкін күшті діни экстремизм шоғырынан алыстамады. Бұл үрдіс Пәкістан туралы жақында жарық көрген еңбекте көрініс тапқан; тіпті солшыл саясат пен аграрлық саяси экономия бойынша кітаптардың атаулары мен мазмұнына «ислам» сөзі тықпаланады.

Пәкістандағы саяси ғылымдар кафедрасында жұмыс істейтін әлеуметтанушы ретінде зерттеу, қоғам және теория жақындағы жалғыз әңгіме осы параметр төңірегінде жүзеге асатынын байқадым. Дегенмен, өз жұмысымда отарлық дәуір институттары және, әсіресе, аграрлық экономикаға араласу меншік иелері табының өз мүдделерін құрып, оны ұзақ уақыт бойы жүзеге асыруға деген мүмкіндіктеріне қалайша ықпал ететінігіне назар аудара отырып, мемлекет пен Оңтүстік Азиялық тамыры тереңдегі элиталар арасындағы байланысты зерттедім. Пәкістанның қазіргі демократиялық саясаты үшін осы үлгі салдарын зерттеуге мүдделі болып қала беремін, сонымен қатар, элиталық биліктің күрделі экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер арасында қалайша қайта құрылғанын зерделеумен айналысуға

тырысамын.

Ислам немесе саясатпен айқын байланысы болмаса да, осы мәселелерге деген қызығушылық шектеулі. Өзге мәселелер туралы, яғни этникалық шығу тегі, гендер және урбанизацияны қоса алғанда, дәл осыны айтуға болады. Сондай-ақ, олар болмаған кезде әлеуметтанушылар елеулі болып отырады. Қарастырып отырған мәселелерге қызығатын қызметкерлер мен әріптестерді іздеу барысында өз кәсібін өте жақсы меңгерген экономистер және саясаттанушылармен жұмыс істедім, дегенмен, олар өз пәндерінің мүмкіндіктерімен, сондай-ақ, зерттеу мәселесін қалай құрастыру, оны зерттеу және оған жауап беруді донорлар басқаратын зерттеулердің кең императивімен шектеулі. Пәкістандағы тағы екі ірі зерттеу алаңы бар тарих пен антропологиядағы достарым да осыған ұқсас мәселелер туралы айтып жүр, бірақ, солай бола тұра, ол пәндер менің саламадағы концептуалдық және әдіснамалық ерекшеліктерден тым алшақ.

Әлеуметтану Пәкістанда экономика және саясаттану сияқты донорлар және мемлекетпен мықты институттық байланыстағы пәндерге ғана жол беріп, барынша өзін орнықтырғысы келді. Мұндай жағдайдың болашақта өзгеруі екіталай, себебі, Пәкістандағы әлеуметтанудың беделін түсірген нарықтық күштер мен тұрақсыз жаһандық саясат, сондай-ақ, ел ішінен және шетелдерден талапты аспиранттарды балама пәндер аясында мансап қууға итермелейді. Дегенмен, Пәкістан қызықты әрі күрделі мәселелерді зерттеуге үміттенетін әлеуметтанушылар үшін тың алаң болып қала бермек. ■

Хаттарды Хасан Джавидде жолдауға болады <hassan.javid@lums.edu.pk>

> Ульрих Бек

ой-өрісі космополиттік еуропалық әлеуметтанушы¹

Клаус Дёрре, Фридрих-Шиллер-Университеті, Йена, Германия және ХЭА Әлеуметтанулық теория (RC16), Еңбек әлеуметтануы (RC30), Еңбек қозғалыстары (RC44) және Әлеуметтік таптар мен әлеуметтік қозғалыстар (RC47) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі



Ульрих Бек өмір бойы болашақты зерттеуге қосқан елеулі үлесі үшін болашақты зерттеу ассоциациясының зерттеу комитетінен (RC07) 2014 жылы сыйлық алып тұр.

Ульрих Бектің Тәуекелді қоғам (Risk Society) еңбегі жарық көрген алғашқы кезден бастап Германиядағы зияткерлік сілкініске себепкер болды. Осы еңбегінде Бек әлеуметтік нақтылық болашақта әлеуметтанушылардың терминологиясына сәйкес келмейтіндігі туралы қарама-қайшы ұстанымдарын жария етті. Ол өндірістік сипаттағы қазіргі заманда сырт көзге өзгеріссіз болып көрінетін институттық қабықшаның ішінде қазіргі өмірдің жаңа баламалы түрлеріне қарай жалған революциялық қозғалыс орын алып жатыр деп тұжырымдайды. Осы қозғалысты түсінгісі келетін адамдар бірінші кезекте үстем «маркстік-веберлік жаңғыру пәтуасын» және оның сызықтық тұспалдауынан алшақтауы қажет. Бек әлеуметтанудағы көпшілікке танымал жаңғырту теорияларын, әсіресе капиталдың қорлануы (Маркс) немесе рационалдылық пен бюрократияның

сызықтық өсімі (Вебер) ілімдерін «тым субъективті шектеулер» ретінде қарастырды, себебі оларда әлеуметтік акторларға қатысты алдын ала белгіленген шарттар бар және акторлардан әлеуметтік іс-әрекеттерге сай болуы күтіледі. Бек бойынша, рефлексиялық жаңғыру сызықтық шамалардан бас тартып, оны «әрі қарай жаңарту өндірістік қоғамның кейпін (ерекшелігін) өшіруде» деген өзін-өзі қауіп-қатерге тігу туралы дәлелмен алмастырады. Жаңғыртудың дербестену үдерісі барысында өндірістік қоғам өз өзектілігін жоғалтып, тіпті «қызметін жоя» бастайды. Осылайша, өндірістік қоғамдағы жаңғырту мәртебеге негізделген және феодалдық қоғамның құлдырауына, ал уақыт өте келе өнеркәсіптік қоғамның өзінің құлдырауына алып келді.

Бек қазіргі заманғы өмірге өтудің көрсеткіштері ретінде үш даму түрін қарастырды. Дамудың бірінші түріне өнеркәсіптік өндірістің болжауға қиын

жағдайлары кіреді. Бектің пікірінше, өнеркәсіптік өндіріс іс жүзінде тарихты қозғаушы күшке айналууда. Экологиялық тәуекел және оның қалпына келмес салдары аса күрделі ғаламдық қауіп – «демократиялық жаппай үрейді (All-betroffenheit)» тудырады. Бұл қауіп барлығымызға қатысты, ал осы жағдайда жұмыскерлер мен капиталистер арасындағы айырмашылық өзектілігін жоғалтады. Уақыт өте келе «игіліктерді үлестіру қисыннан» алшақтаған Бектің тұжырымы бойынша, «тәуекелді үлестірудің демократиялық қисынын» ендігі кезде таптар күресі, рационалдану немесе функциялық дифференциация арқылы түсіну мүмкін емес. Бектің тілімен айтар болсақ: кедейлік - иерархиялық, ал тұман – демократиялық!

Осы экологиялық-әлеуметтік қақтығысқа дамудың екінші түрі – әлеуметтік теңсіздіктің дербестенуі әсерін тигізеді. Әлеуметтік топтар арасындағы алшақтық

соғыстан кейінгі бірнеше онжылдықта қолға алынбағандықтан, топтар арасындағы алшақтық өсіп, «лифт эффектi» (Fahrstuhleffekt) тәріздес бірнеше деңгейлі сипатта болды. Яғни, ең кедей адамдардың өздері алдыңғы ұрпақтарға қарағанда, неғұрлым көпке ие болды, сонымен қатар олар жекешеленіп келе жатқан таңдау ауқымы арасынан іріктеу мүмкіндігіне иелік етті.

Дәстүрлі әлеуметтік орта біртіндеп ыдырай барады: әлеуметтік таптар мен қабаттар ендігі уақытта жеке тұлғаның өмірін емес, көбіне орта статистикалық шамаларды сипаттайды. Өмірлік тәжірибесі аясында жеке тұлға әлеуметтік ортаның ақырғы өндіруші бірлігі болып табылады. Өз кезегінде, үнемі жағымсыз жағдайлар қаупінен сақтану үшін жеке тұлға өзінің құрақтан тігілген тәріздес өмірбаянының жоспарлау орталығына айналуға мәжбүр. Субъектілер таптар мен қабаттардың әлеуметтік қалыптарынан немесе гендерлік рөлдерден «босайды», бірақ оның орнына әлеуметтік ұйымдардың тәжірибелік шектеулеріне «тап болады».

Дәл осы уақытта, Бек бойынша дамудың үшінші бағытында өнеркәсіптік өндірістің болжауға қиын жағдайлары есебінде саяси және бейсаяси кеңістік арасындағы шекараны өшіретін азаматтық қоғамның суб-саясаттары пайда болады. Ғылыми-техникалық прогресс заңдастыру және негіздеу әлеуметтік категориялары үшін жауапты бола бастайды. Субъект ядролық күш немесе гендік инженерия екендігіне қарамастан, сарапшылар баламалы білімі бар, маман емес адамдармен пікірталастарға қатысу үшін әрдайым дайын болуы керек. Осылайша, экологиялық-әлеуметтік қақтығыс барлық саяси координаталар жүйесін өзгертеді. Оңшыл және солшылдар арасындағы ескірген ерекшеліктер жоғала бастайды. Жаңа Оңшылдар жыртқыш, басқаруға келмейтін нарық күштеріне еркіндік беру және технологиялық прогресті ілгерілету идеяларын ұсынып, экологиялық тұрғыда көзі ашық жаңа Солшылдар сақтаудың консервативті принциптерін қабылдап, оларды әрдайым адам ықпалына ұшырайтын және әлеуметтенетін табиғи ортаға қатысты қолдануға тырысады. Басқа саяси күштердегі тиісті бағдарламалық өзгерістермен қатар орын алатын экологиялық қозғалыстар мен жасылдар партияларының пайда болуы

белгілі дәрежеде саяси және бейсаяси кеңістіктер арасындағы шекараның ауысуы салдарынан пайда болатын даму түрлерін ұсынады.

Өзінің ғылыми өмірінде Ульрих Бек кей кездері Тәуекелді қоғамның негізгі тұжырымдарын жаңартып, бірінші кезекте оларды жетілдіре білді. Ол өз ойларын соңғы күндеріне дейін қорғады. Бастапқыда Тәуекелді қоғам кітабы бәлкім Германия туралы болған, әсіресе оның әлеуметтік тәуекелдің жекешеленуі туралы бөлімі, бірақ Бек тез арада кітаптың мазмұнын экологиялық қауіптің жаһандануы нәтижесінде пайда болған әлемдік тәуекелді қоғамға бағыттап қайта жазды. Бек әлеуметтанудың барлық бағыттарында кең жайылған деп есептеген «әдіснамалық ұлтшылдыққа» қарсы пікірлерін білдірген. Өз кезегінде ол трансұлттық кеңістіктер мен шекаралар арасындағы суб-саясаттарды, тіпті әлемнің тәуекелді қоғамдары ішіндегі күрделі қиыншылықтардың өзін ескеруге мүмкіндік беретін космополиттік әдісті барынша қорғады. Ульрих Бек қазіргі заманғы қоғамдарды теория арқылы түсінуге қабілетті рефлексиялық жаңғырту теориясын құру ынтасы барысында өзіне жақын арада Энтони Гидденс, Скотт Лэш және Бруно Латур сияқты танымал жақтастарды таба білді.

Бек қалдырған мұраның алғашқы кезеңде жариялағандарын қарастыратын болсақ, экологиялық-әлеуметтік қақтығыс туралы әлеуметтанулық мәтіндер оның еңбектері арасындағы ең дәлелі көп сипатта деп айтуымызға болады. Оның экологиялық қауіп ұғымына берген анықтамалары және білімі, сонымен қатар оның «қауіптілік күшін теңестіру» туралы ойлары қазіргі уақытта да өте өзекті болып табылады. Іс жүзінде, ауа-райы өзгерісімен байланысты қауіптер қазіргі әдіснамалық текетірестер және саяси келісімдер арасында орталық алаң қызметін атқарады. Әрине, осы қауіптер уақытша шеттетілуі мүмкін (қазіргі евро дағдарысынан болып жатқан жағдай сияқты), бірақ әрқашан міндетті түрде олардың барлығы әлеуметтік толқулар түрінде қайтып келеді.

Бектің ұмытылмас жетістіктерінің бірі – шынайы өмірді бірегейлендіріп, оны әлеуметтанулық терминологияға аударғандығы. Шынында, оның «тапсыз капитализм» диагнозы қазіргі уақыттағы

«таптардың қайта оралуына» байланысты күмән тудыруы мүмкін. Яғни мемлекет ішіндегі таптық бөлінулер әлемдік дағдарыс барысында елдер арасындағы экономикалық теңсіздік деп атала бастады. Әлеуметтік қиындықтар, өсім деңгейінің бәсеңдеуі және экологиялық апаттар «игіліктерді үлестіру логикасы» мен «тәуекелді үлестіру логикасын» экономикалық-экологиялық «қыспақ дағдарысын» өзара күшейтетін акторларға бағыттады. Тек жоғарыға бағытталған лифт енді бір адамдар тобын төмен түсірудің арқасында ғана екінші топты жоғарыға көтеру принципі бойынша жұмыс істейтін үзіліссіз лифт әсерімен алмастырылды.

Ульрих Бек осы даму түрлерін (капитализмнің классикалық теорияларының бөлшектерін орын алып жатқан сәйкестіктерге қатысты қолдануға кездейсоқ түрде ұсынушы) анық көргенде, ол дәстүрлі емес таптар формациясын талдауға қауқарсыз және ынтасыз болды. Бек осы уақытқа дейін Уақыт рухы (белгілі бір уақыт аралығында мәдениетке ықпал етіп, оны қалыптастыратын зияткерлік сән немесе ойлаудың үстем мектебі) сияқты жаңа және кенеттен пайда болған дамуларға әдеттен тыс қарсы болды. Одан кейінгі уақытта космополит және демократияшыл еуропалық ретінде Бек «меркиавелизмге» қарсы ойларын білдіреді, себебі ол Оңтүстік Еуропаны созылмалы тәуелділікке алып келген келісімдермен басын байлап, еуропалық идеяға және оны таратуға қауіп төндіреді.


Ульрих Бек көпшілікті тамсандыратын, елеулі зияткерлік мұра қалдырды. Бірінші кезекте, ол болмаса менің әлеуметтанушы болуым екіталай еді. Ол бізден тым ерте кетті және оның қазасы - орны толмас қасірет. Германия және Еуропа әлеуметтануына Ульрих Бектің қазасымен қоса қандай дүниеден айырылғандығын ұғыну үшін бірталай уақыт қажет болады. Рефлексиялық жаңғырту теориясы бөлшектелген болып қала береді. Оның бастапқы жаңашыл ойлау әлеуетін қайта өзекті етудің жалғыз шешімі – Ульрих Бектің зияткерлік мұрасын қолдану және оны әрі қарай дамыту. ■

Хаттарды Клаус Дёрреге жолдауға болады
<Klaus.Doerre@uni-jena.de>

¹ Неміс тілінен Иан-Петер Херманн және Лорн Балхорн аударды.

> Ульрих Бек Латын Америкасында

Анна Мария Вара, Сан Мартин ұлттық университеті, Аргентина және Қоршаған орта және қоғам бойынша зерттеу комитеті (RC24) басқармасының мүшесі



Ульрих Бек Ана Вара және Санг-Юн Ханмен бірге.

Ульрих Бек еңбектерінің Латын Америкасындағы ықпалын қалай өлшеуге болады? Адамдар, қоршаған орта мен техно-ғылыми білімді бір бірімен ептілікпен және түбегейлі байланыстыратын Бек еңбегінің, көбіне өзінің табиғаты мен индустриялануды үнемі өкшелеп келе жатқандығымен белгілі субконтинент азаматтары мен әлеуметтік сала ғалымдарына айтар жаңалығы көп.

30 жыл бойы Бек өз жұмыстарында дамытқан «тәуекелді қоғам» ұғымы және Латын Америкасының жазушылары мен зияткерлерінің XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап зерттей бастаған аймақтың тәуелді жағдайы туралы ойлары арасында терең үндестік бар.

Латын Америкасы елдерінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі неоколониялық жағдайын айқындауға бағытталған осы дискурс жергілікті элиталармен сыбайлас болған шетелдік акторлардың прогресс атауын бүркеніп, табиғи ресурстарды жыртқыштықпен пайдалануына қарсылығын білдіреді.

Осының барлығы орынды саналып, қалыптасты және 1970-ші жылдардағы «тәуелділік теориясы» сияқты теориялар арқылы зерделенсе, қазіргі уақыттағы пікірталастар «экстрактивизм» мен «неоэкстрактивизм» төңірегінде. Біз Бек теориялары мен осы дискурс арасындағы тікелей байланыс туралы айта алмаймыз, алайда олардың арасындағы диалог мәселелердің әрқайсысын өздігінше сипаттайды. Мақалада осы диалогтың негізгі дәлелдеріне

назар аударатын боламын.

Бек «техно-экономикалық дамудың» шарасыз жанама ықпалы (1992: 20) деп тәуекелге берген іргелі сипаттамасы арқылы осы процестің екі жақтылығына және екі жүзді табиғатына назар аударады. Бектің сөзімен айтқанда, индустрияландырудың «жағымды» жаңалықтарынан туындайтын «кері нәтижелер» осы үдеріске табиғи ресурстар арқылы күш беретін Латын Америкасы елдерінде көзге айқын түседі. Осы кері нәтижелер ықпалы әрі қарай қоғам және қоршаған ортаға тарайды. Сонымен қатар, аймақ үшін өзекті болып табылатын теңсіздік мәселесі аясында «тәуекелді үлестіру» көңіл аударарлық және қызықты. Осы орайда, Бектің теориялық еңбектері аймақтағы ұзақ уақытқа созылған феноменді түсіну үшін айтарлықтай көмек болды.

Сонымен қатар, көбіне Еуропа мен АҚШ-та Тәуекелді қоғам кітабын тәуекелдің «демократиялық» сипаты туралы баяндайтын еңбек ретінде қабылдап, қышқыл жаңбырлардан немесе Чернобыльдағыдай радиоактивті бұлттардан ешбір шекаралар қорғаныш болмайды деген дерекке ерекше мән берді. Дегенмен, Бек тәуекел мен билік арасындағы қарым-қатынас үшін, ел ішіндегі және елдер арасындағы тәуекелдерді үлестірудегі теңсіздік мәселелеріне алаңдады. Үндістанда болған Бхопал апаты мен Бразилияның ең ластанған қаласы Вилла Паризи жағдайын есте сақтай отырып, Бек жазбаларында төмендегі ойларды қозғаған:

Әлемдік деңгейде тәуекелді теңестіру саясаты бізді

тәуекел ауыртпалығы ішіндегі жаңа әлеуметтік теңсіздіктер жөнінде адастырмауы тиіс. Әсіресе, осындай оқиғалар тәуекелді жағдайлар мен таптардың жағдайлары өзара жақын болған жерлерде және халықаралық деңгейде туындайды. Ғаламдық тәуекелді қоғамның жұмысшылар табы түтін мұржаларының түбінде, Үшінші әлем елдерінің өндірістік орталықтарындағы мұнай өңдеуші және химия зауыттарының қасында өмір сүреді (1992: 41, түпнұсқаға сілтеме).

Бастапқыда Бек күшпен жүктелген тәуекел түрлерін дамушы елдердің азаматтары даму мүмкіндігі үшін төлейтін ақылары ретінде қабылдады деп ойлаған болар: «Құбырлар салу мен танкерлерді қолдануды міндеттейтін химиялық зауыттардың күрделі құрылғылары осы адамдар үшін жетістіктің қымбат символы болып табылады» (1992: 42). Дегенмен, XX ғасырдағы Латын Америкасында қалыптасқан дискурс бойынша осыған ұқсас жобаларға қарсылық әлдеқайда ертерек басталған еді.

Кезінде кубалық революцияның ресми ақыны болған Николас Гильеннің 1930 жылы шыққан «Қант құрағы» атты өлеңі сияқты наразылық дискурсы да ерте басталған болар:

Қара адам

Қант құрағы алқабының қасында.

Янки

Қант құрағы алқабының үстінде.

Астындағы жер

Қант құрағы алқабы.

Қан денемізден сорғалап ағып жатыр!

Осылайша, ол сол уақыттағы Кубада қант өндірумен айналысқан АҚШ компанияларының әлеуметтік салада және қоршаған ортаға келтірген зардаптарын сынға алды.

Осыған дейін, біз тәуекелді өндіру және үлестіру туралы сөз қозғадық. Алайда, тәуекел анықтамасының өзі Латын Америкасында орын алып жатқан үдерістерді түсінуге Бектің қосқан іргелі үлесі болып саналады. Тәуекелдің не екенін анықтау билігіне кім ие? «Анықтамалар байланыстарын» бақылайтын адамдар өз билігінен пайда таба алатын жағдайда болады. Тәуекелді қоғам әлеміндегі «ғаламдық тәуекелдердің теңсіздігін» талқылау барысында Бек төмендегі ойларымен бөліседі:

Егер кім де кім әлемдік тәуекел мен әлеуметтік теңсіздік арасындағы қарым-қатынастарды әшкерелегісі келсе, ол бірінші кезекте тәуекел концептісімен танысуға міндетті. Тәуекел және әлеуметтік теңсіздік, іс жүзінде тәуекел және билік – бір тиынның екі жағы. Тәуекел шешімді талап етеді, сондықтан шешім жасайтын адамның болуы шарт. Ойды әрі қарай дамыта отырып, тәуекел барлығын бағамдап, пайданы ескеретін шешім қабылдаушы адамдар мен оларға бекітіліп, басқалар қабылдаған шешімдердің күтілмеген әсерінен зардап шегіп, кей кезде өздерінің өмірлерін тәуекелге тігіп, шешім қабылдау процесіне қатысуға ешбір

мүмкіндігі жоқ адамдар арасындағы радикалды ассиметрия тудырады. (2014:115, түпнұсқаға сілтеме)

Бұл жағдайдың өзгеруі қаншалықты ықтимал? Қолында билігі жоқ адамдарға келешекте басқалардың құлақ салуы және қазіргі күнге дейін неоколониялық жағдайдың ықпалымен орын алатын кейбір процестерді алдын алу қаншалықты ықтимал? Өзінің соңғы жарық көрген мақалаларында Бек «әлемдік метаморфозис» дегеніміз қазіргі заманды «кері әсерлердің жағымды жақтарының» нәтижесі ретінде қабылдау деп тұжырымдады. Яғни, ол «өзгерістер ауқымы біздің қиялдау мүмкіндігімізден «тыс» және көбінесе ауа райы өзгерісінің салдары мен оның бізді: «біздің әлемде өмір сүру жолымызды, әлем жайлы ойлау жолдарымызды, біздің қиялдану және саясат жүргізу жолдарымызды» өзгерткендігінің нәтижесі (2015a: 75-76).

Ол «тәуелділік (теория)» және «космополиттену (теория)» арасындағы ерекшеліктерді көрсеткенімен, төмендегі мәселеге алаңдайды:

Іс жүзінде, метаморфоза аяқталмаған, аяқтауға келмейтін, уақыт бойынша шектелмеген және, бәлкім, кері бағыттағы құбылыс. Билікке негізделген қатынастар кең жайылғанның өзінде немесе тәуелділіктің симметриялы үлестірілуі мен теңдік деңгейі артқанның (үміттену) өзінде, осының барлығы космополиттік қарым-қатынастар қайтадан нео-империалистік стратегиялардың құралы болмайды дегенді білдіре ме? Жоқ, әрине жоқ. Космополиттену бір бағытты емес. Сондықтан оның бір бағыты ретінде ғана империалистік билік құрылымдарын күшейту мүмкіндігі кіреді. (2015b: 122, түпнұсқаға сілтеме)

Бек өзі «постколониялық метаморфоза» деп атаған ойлары «шикілеу» екендігін мойындады (Сол жерде.: 121). Оның кенет қайтыс болуы осы ойлар легін үзіп жіберді. Не болғанда да, Латын Америкасының әлеуметтік бағыттағы ғалымдары және барлық азаматтар Бектен құнды білім түйетін болады. Оның кітаптарының көбісі (мысалы, Элизабет Бек-Герншайммен бірге жазылған Әлемдік тәуекел қоғамы, Қашықтықтағы махаббат кітаптары және Неміс Еуропасы кітабы) ағылшын тіліне қарағанда испан тіліне бұрынырақ аударылғандығы да маңызды жәйт. Бек қоғамдық пікірталастарға белсенді қатысқан ғалым және зияткер – біздің аймақта аса қадірлі, осы ретте онымен ғалым ретінде тамсанудың тағы да бір себебі бар. ■

Хаттарды Анна Мария Вараға жолдауға болады <amvava@yahoo.com.ar>

Әдебиеттер тізімі

Beck, U. (1992) [1986] Risk society. Towards a New Modernity. London: Sage Publications.

Beck, U. (ed., 2014) Ulrich Beck. Pioneer in Cosmopolitan Sociology and Risk Society. London: Springer.

Beck, U. (2015a) "Emancipatory catastrophism: What does it mean to climate change and risk society?" Current Sociology 63(1): 75-88.

Beck, U. (2015b) "Author's reply." Current Sociology 63(1): 121-125.

> Ульрих Бектің Шығыс Азиядағы ықпалы¹

Санг-Джин Хан, Сеул ұлттық университеті, Оңтүстік Корея және ХӨА Әлеуметтік таптар және әлеуметтік қозғалыстар бойынша зерттеу комитетінің (RC47) бұрынғы басқарма мүшесі



Бек Оңтүстік Кореядағы Sewol қайғылы оқиғасын ұтымды жағынан көрсету үшін, кейде «жаман істер» жоспарланбаған «жақсы» салдарларға алып келетінін, яғни қауіпсіздік мәселелері мен үкіметтің ұйымдасқан жауапсыздығына назар аударудың артуын атап өтті.

Қоғамдық пікір белгілі бір мәселелердің дискурс ауқымдары аясында әлеуметтік өзгерістің тарихи үрдістерімен қатар қалыптасады. Ульрих Бектің Шығыс Азиядағы ықпалын, әсіресе, Қытай, Жапония және Оңтүстік Кореяда, осы аймақтың қазіргі уақыттағы мәселелері мен мүмкіндіктерінің сипаттамасы арқылы көруге болады. Аймақтағы Бектің ықпалы тек қана тәуекелдің қазіргі уақыттағы қоғамдық қабылдауын ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күні аймақ үшін болашаққа қатысты аса алаңдаушылық мәселесінің дискурсы көмегімен көз жеткізіміз.

Шығыс Азия аймағы II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең сәтті модернизацияға ұшырады. Сәттіліктің сыры – тым қысқа уақытта аса қисынды шешімдер арқылы адамдардағы мақтаныш пен өзіне сенім сезімдерін қайта қалпына келтіруге көмектескен құрылымдық өзгерістерде. Алайда, дамушы елдердегі

бюрократиялық-авторитарлы режимнің басқаруымен алдын ала болжанбаған ұшқыр жаңғыртудың нәтижелері азаматтардың жеке өмірінің барлық саласын қамтыды. Сәйкесінше, қысқа уақыттағы жаңғыртудың оң нәтижелері тәуекелдердің тым жоғары болуы мен адамдардың назары дамудың оң және сол қырлары арасында жиі ретсіз ауысып отыратындықтан көп жағдайда таңқаларлық болып көрінеді.

Конфуцийлік, даосизм мен буддизм сияқты шығыс азиялық қалыптасу дәстүрлері Шығыстың мәдени империализміне қарамастан таза қалпында қала береді. Капиталистік жаһанданудан туындайтын өмірге қауіп төндіретін тәуекелдерге назар аудару арқылы осы дәстүрлер аса консервативті, яғни олар тәуекелді қоғам идеясын адамдардың қадірін сезіну, бірге бейбіт өмір сүру және гуманистік (адамдарға бағытталған) саясаттарға кесірін тигізетін күрделі қауіп ретінде қарастыратын танымал сыни

көзқарастардың белең алуы кекесінді (ирониялық тұрғыда) түрде ықпал етеді.

Бектің аймақтағы танымалдығының үш нақты себебі бар. Біріншісі, Бектің тәуекелді қоғам концептісі Жапониядағы Фукусима Дайичидегі ядролық апат (2011), Кореядағы Севол салының апаты (2014) немесе Бейжіңдегі «сары шаң» деп аталған құм суырған құйынмен ауаның ыластануы сияқты мысалдармен дәйектелген аса шынайы еңбек ретінде қабылданды. Екіншіден, тәуекелдерді сипаттаудан бөлек Бек келешектің жаңа көрінісін ұсынып, оны рефлексиялық жаңғырту немесе екінші жаңғырту деп атады. Осы көрініс Шығыс Азияның іздеп жүрген өзіндік сәйкестендіру және батыстық жаңғырту үлгісін тек қана көшіруден әлдеқайда өзгеше жолдарына толықтай сәйкес келеді. Үшіншіден, Бектің тәуекелді басқаруға қатысты белсенді қатысуды талап ететін әдісті қорғауы да ынталандырады, себебі осы әдіс мемлекетті басқарудың көпшілікпен

>>

мақұлдаған үлгісінен және тәуекелді басқаруға қатысты технологиялық әдістен алшақтауға мүмкіндік береді.

Бектің 2014 жылдың шілде айындағы Сеулге сапары оның қоғамдағы танымалдығын және жоғары деңгейден ықпал ауқымының дәлелі бола алады. Ел сол уақытқа қарай сәуір айында басынан кешкен Севол мотор салының апатынан әлі есін жия қоймаған еді. Мектептен экскурсияға шыққан көптеген оқушыларды қоса алғанда жүздеген адамдардың өліміне алып келген апатта үкіметтің шарасыздығы қайғы мен ызаға толы қоғамдық наразылықты тудырды. Осы оқиғаға қатысты Бек адамдарға лық толы Корея баспасөз орталығының Халықаралық мәжіліс залында қоғамдық дәріс оқыды. Дәріс тақырыбы ауа-райы өзгерісі туралы болғанына қарамастан, Бек адамдар үшін жұбату сөздерін тауып, азаматтар наразылығын өзгерістердің нышаны деп бағалады. «Жаман» оқиғалар кей кезде күтілмеген «жағымды» салдарға алып келу мүмкіндігі туралы ой қозғап, Бек жан түршігерлік Севол трагедиясы қауіпсіздік мәселесіне қатысты қоғамның назарын аударғанын және үкімет тарапынан орын алған жауапсыздық туралы пікірталастар тудырғандығын атап өтті.

Кейінірек Бек «Қауіпсіз қала үшін тәуекелден тыс болу» тақырыбы бойынша Сеул мегаполисінің ойшылдар орталығы қауымдастығының (МООҚ) инаугурациялық форумына қатысты. Сеул Сити Холдан жүргізілген тікелей телевизиялық көрсетілімде Бек жаңа саясаттың көрінісіне назар аударды:

Шығыс Азия үшін болған барлық ортақ мәселелер қазіргі уақытта шешімін тапты. Ұлттар өзара байланысқан [...] бірақ олар тарихи мәселелерге қатысты ортақ тіл табыса алмауда. Егер де олар Азия қауымдастығын құра алмайтын болса, бұл жерде [азиялық] қалалар келбетінің өзгермеуіне басқа себептер жоқ [...] Сеул сияқты қалалар біріккен ұлттарға қарағанда «Біріккен қалалар» үлгісіне қарай бет бұра алады. Қазіргі уақытта қалалар космополиттік, ал «жаһандық» мегаполистер одан әрі космополиттік болып жатыр [...] бұл қалалар арасындағы қауымдастықтың бастапқы бағдары.

Бектің кенеттен қайтыс болуы Корея

қоғамын елең еткізді. Консервативті және либералды бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің бәрі оған өз құрметін білдіріп жатты. Сеулдың әкімі Парк Вон-Сун өзінің көңіл айтқан сөзінде: «Азаматтардың қоғамдық өмірге белсене қатысуы және қалалар арасындағы қауымдастықтың ұлғаюы арқылы мен Сеулды профессор Бек алаңдаған сансыз тәуекелдерді жеңуге қабілетті үлгілі қала етуге бар ынтамды саламын», - деген. Корея университетінің профессоры Ким Мун-Жо The Joongang Ilbo журналына Бек туралы мақала жазса, Сеул ұлттық университетінің ғылыми қызметкері профессор Хонг Чан-Сук The Kyunghang Shinmun журналындағы мақаласында Бек туралы жүрекке жылу ұялататын естеліктерінде өзінің Мюнхендегі студенттік шақтарын еске алды: «Ол әрдайым Шығыстағы алыс және бейтаныс елдерден келген студенттерге жағдай жасап, көмек қолын созатын».

The Hankyoreh журналында мен Бекті өмірімде кездестірген ең жылы жүзді және өз ісін өте қатты сүйетін батыстық ғалым ретінде сипаттадым. Әкім Парктің сұрауы бойынша Бек қоғамның белсенді қатысуымен тәуекелді басқару бойынша 2015 жылдың қаңтар айында бастауға жоспарланған «Сеул жобасына» қатысуға келісіп, 22 желтоқсан күні болған соңғы скайп арқылы әңгімеде осы жоба бойынша жұмыс істеуге өзінің үлкен ынтасын көрсетті. Сонымен қоса, ол желтоқсан айының басында Парижде өткен ғалымдар конференциясы аясында Бруно Латурмен сұхбат нәтижесінде пайда болған «Шығыс Азиядағы тәуекел акторларының парламенті» идеясын ұсынды. Осы жылдың наурыз айында Сеул жобасы өзінің алғашқы конференциясын өткізді, ал Бек пен әйелінің 2008 жылы Сеулға сапары барысында танысқан атақты сопы Вен Мьенг Джин Бекпен қоштасу рәсімін басқарды.

Бектің қоршаған орта әлеуметтануы бойынша еңбектерін Жапонияда көпшілік мойындай бастады, ал 2000-шы жылдардың басында оның дербестену концептісі аса танымалдыққа ие болды. Алайда, Бек Фукусима Дайиичи ядролық апатынан кейін ерекше танымал болды: 2011 жылы берген сұхбатында ол

тәуекелдің табиғатына тоқталып, Жапония халқын белсенді болуға және өндіріс пен мамандардың монополияланған шешімдер қабылдауына қарсы шығуға шақырды. Бектің тәуекелді қоғам теориясының Фукусима апатынан кейінгі Жапониядағы ықпалы Чернобыль апатынан кейінгі әлемдегі ықпалымен қатарлас болды. Оның қазасынан кейін қайғылы хабар Асахи Шимбун, Нихон Кейсай Шимбун, Майнихи Шимбун, Юмири Шимбун, Санкей Шимбун және басқа да жетекші ұлттық газеттерде жарияланды және көптеген жапондық газеттер оның жетістіктерін тағы да еске түсірді, ал Бекпен жақсы қарым-қатынаста болған Хосей университетінің ассоциацияланған профессоры Муненори Сузуки оны «тәуекелді зерттеген кең ой-өрісі бар ірі зияткер» деп сипаттады.

Бек қытай қауымдастығында тап осылай жақсы танымал болған емес шығар, бірақ Қытайдық академиялық өмірінде оның ерекше өзіндік орны бар: кем дегенде 8000 қытайлық журнал мақалаларында Бек пен тәуекелді қоғамға сілтеме жасаған. Бектің Қытайдағы салыстырмалы түрдегі төмен қоғамдық белсенділігіне қарамастан, көптеген газеттер мен бұқаралық ақпарат көздері оның қазасы туралы жаңалықты таратты. Фудан университетінің профессоры Сун Гудон өзінің Wenhui Daily журналындағы бір баспа беттік «Бектің тәуекелді қоғам теориясының төрт негізгі ұғымы» атты мақаласында «екінші модернизация, рефлексиялық, субсаясат, космополитизм» ұғымдары арқылы Бектің ғылымға қосқан үлесіне баға береді. Синхуа университетінің профессоры Ву Цянь Жаңа ғасыр журналына Бек туралы мақаласын жариялады. Көптеген ғылым саласының қызметкерлері өздерінің Вейбодағы (қытайлық әлеуметтік желі) кішігірім блогтарында Бекке қатысты хабарламалар арнады. Ульрих Бектің өлімі Жапония мен Кореядағыдай сияқты Қытайда орны толмас қасірет ретінде қабылданды. ■

Хаттарды Санг-Джин Ханға жолдауға болады
<hansjin@snu.ac.kr>

¹ Автор Кореядан, Жапониядан және Қытайдан қажетті ақпаратты жинауға қосқан үлесі үшін Сае-Сеул Паркке, профессорлар Мидори Итоға, Микако Судзукиге, профессор Юлин Чен мен Шифей Маоға алғысын білдіргісі келеді.

> Ульрих Бектің Солтүстік Америкадағы зор ықпалы

Фуюки Курасава, Әлеуметтану кафедрасы, Йорк университеті, Торонто, Канада және ХЭА
Әлеуметтанулық теория бойынша зерттеу комитеті (RC16) басқармасының мүшесі



Ульрих Бек 2014 жылы әлеуметтанудан
Йокогамадағы ХЭА әлемдік конгресінде.

Ульрих Бектің космополитизмге шексіз ықыласы - оның осы тақырыпты тек ілім ретінде ғана емес, сонымен қатар өмірінің бір бөлігі және терең сезіне алатын құбылысы ретінде қабылдауында еді. Бәлкім, Солтүстік Америкалық әлеуметтанудағы Ульрих Бектің рөлі туралы еске алу мақаласының авторы жапон-француз-канадалық әлеуметтанушы болуы кездейсоқ емес болар. Алғаш рет 2000-шы жылдардың ортасында Торонтодағы іс-сапарында кездестірген кезімде мен Бектің жұмыстарының басым бөлігімен таныс болғанмын. Оның қала архитектурасының модернизміне тамсанғандығы және этно-мәдени саналуандылыққа сүйсінгендігі әлі күнге дейін есімде. Торонто, шын мәнінде - әр алуандылықты зерттеу үшін әлемдегі ең бай зертханалардың бірі. Әрине, осы тақырыптар Бектің басты ғылыми қызығушылықтарының аясында болатын, дегенмен, онымен серуен кезіндегі әңгімемізден зияткерлік лебін, рефлексиялық жаңғыруды және ол үшін космополитизм күнделікті, тәжірибелік мәселелер екендігін аңғардым.

Бектің Солтүстік Америкадағы ықпалына баға беру үшін алдымен кем дегенде аймақтық-зияткерлік көрсеткіштер бойынша үш әлеуметтанулық әлемнің айырмашылықтарын айқындауымыз қажет. Оның француз тілді Квебек әлеуметтануына тигізген орасан зор ықпалы кездейсоқ емес, себебі аймақтың еуропалық әлеуметтанулық оймен тарихи байланыстары бар. Бектің кейбір негізгі концептілері және ой-тұжырымдары бірлесіп Квебек әлеуметтанушыларының басым бөлігі үшін бағдар беруші қызмет атқарды. Мәселен, Квебек әлеуметтанушылары Бектің тәуекелді

қоғам және рефлексиялық жаңғырту ұғымдарын модернизм және постмодернизм (Мишель Фрайтаг, Джозеф Ивон Терио), индивидуализмнің тереңдеуі бойынша (Дэниел Дагенейс) жазбаларында жиі қолданған болса, Бектің космополитизм ұғымы да пан-Америкалық мәдениетаралық тәжірибелерге (Жан-Франсуа Коте) қатысты қолданылған. Іс жүзінде, Квебектегі ең беделді әлеуметтанулық журнал «Sociologie et sociétés» 2012 жылы космополитизмге қатысты арнаулы шығарылымында Бектің жазбаларын негіз ретінде алған.

Еуропалық және америкалық әлеуметтанулық полюстердің тоғысқан торабы болып саналатын ағылшын тілді канадалық әлеуметтану мектебі Бектің еңбектеріне аз да болса қызығушылығы арқасында Екінші Солтүстік Америкалық әлеуметтанулық әлемді құрды. Канаданың ағылшын тілді бөлігінде Бектің ықпалы Квебектегідей айқын түрде көрінбесе де, оның еңбектері кем дегенде үш пәндік бағыттарға, атап айтқанда: міндеттерді орындауды қамтамасыз ету және бақылау әлеуметтануы бағытындағы қауіпсіздік режимдері мен тәуекелді бағалау арасындағы байланысқа қатысты (Дэвид Лион, Шон П. Хир, Даниель Белан); қоршаған орта әлеуметтануы бағытында жергілікті орындардағы қауіп мәселелері мен аумақтарды қоғамдық басқарудың институттануы бойынша кейс-стади арқылы (Харрис Али); және Канаданың саяси экономикасы бағытындағы бейресми жұмыспен қамту (Ли Воско) мәселелеріне қатысты зерттеулерге ықпал етті.

Үш солтүстік-америкалық аймақтың ең үлкен бөлігі АҚШ

>>>

әлеуметтануындағы Бектің жұмыстары өте жарқын із қалдырды. АҚШ-тың ерекшелігі Еуропа, Азия немесе Оңтүстік Америкадағы Бектің ықпалымен (Global Dialogue журналының осы басылымындағы басқа мақалаларда көрсетілгендей) салыстырғанда айқын көзге түседі. Қалыптан тыс осы жағдайды түсіндіру үшін мезгілді, тіпті үстірт болып табылатын АҚШ эмпиризмі мен Еуропалық теоризмін өзара сәйкестендіру әдісі еліктіруі мүмкін, алайда бұған әлдеқайда дәйекті факторлар себепкер. Институттық әдіс арқылы талдау жасайтын болсақ, Бектің америкалық әріптестері немесе ізбасарлары желісінен ешбір адам оның идеяларын америкалық әлеуметтану кафедраларын (Мичиган, Висконсин, Чикаго, Беркли, Гарвард, т.б.) немесе журналдарын (American Journal of Sociology, American Sociological Review, т.б.) басқару арқылы таратқан емес. Одан бөлек, біріктірілген талдау желісін құруға талпынудың орнына Бек эссе стиліндегі мақалаларды жазуды жөн көретін. Осындай мақалалар арқылы ол жылдам өзгеріп отыратын әлеуметтік-тарихи жағдайларға жауап беруге қабілетті мобилді тұжырымдамалық аппаратты дамыта білді. Сол себептен, оның тұжырымдамалары әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларын зерттеуге бағытталған егжей-тегжейлі және нақты эмпириялық зерттеулер мақсаттарын шешу үшін оңайлықпен қолданысқа ене алмады. Осы орайда, оның АҚШ әлеуметтанушыларының ортасындағы біршама танымалдығы Зигмунд Бауманның жағдайына өте ұқсас болды: екі ойшылдың да шектеулі ықпалы Бурдьенің квази-канондық танымалдығымен аса қарама-қайшы сипатта болды. Сонымен қатар, Майкл Буровойдың ықпалды жүйелілігін қолданатын болсақ, Бек дәстүрлі қоғамдық әлеуметтанушы және оның еңбектері АҚШ-тың кәсіби әлеуметтануымен қарама-қарсы емес еді. Оның қоғамдық зияткер ретіндегі іс-әрекеттері, көп жағдайда Германия канцлері Ангела Меркелге (Бектің өзі оны «Меркиавелли» деп атаған) және оның германдық-центристік Еуропа жобасына қатысты сыны АҚШ-та кең танымал болмаса да, Буравой, Орландо Паттерсон, Мишель Ламонт және басқа америкалық әлеуметтанушылар айналысатын қоғамдық және саяси әлеуметтану саласының дамуына өз ықпалын тигізді.

Сондай-ақ, АҚШ әлеуметтануының басқа бағыттарында Бек ықпалын кездестіруге болады. Джеффри К. Александр, Крейг Калхоун, Саския Сассен сияқты атақты авторлар оның еңбектерімен жақсы таныс болса, тәуекелді қоғам ұғымы АҚШ-тың қоршаған орта әлеуметтануының, ғылым және технология әлеуметтануының белгілі бір бағыттары (әсіресе, тәуекелді ұйымдастыру менеджменті және техно-ғылыми тәуекел саясаты) үшін орталық қағидатқа айналды. Бір қызығы, Бектің әдіснамалық космополитизмді қолдаған үндеулері, әсіресе АҚШ-тағы үстемдіктің пәнаралық түрлері мен әлем-жүйе теоретиктері, империялар немесе өркениеттерді зерттейтін салыстырмалы тарих әлеуметтанушылары, жан-жақтан жұмыс істейтін ғаламдық этнографтар және трансұлттық «мәселелерді шешу саясатымен» айналысатын - саяси әлеуметтанушылар қолданған феминистік әлеуметтанулық талдау пайда болғанға дейін белгілі еді. Яғни, әрі қарай Бектің әдіснамалық ұлтшылдықты сынауы мен қазіргі заманғы АҚШ әлеуметтануында орын алып отырған өзгерістер арасындағы жанамалы және көп жағдайда ешкімнің ойына келмейтін ұқсастық орын алды.

Бектің қалдырған мұрасын жалғастыру үшін оның ғылыми қызығушылығы негізінде құрылған төрт зерттеу тақырыбын ұсынғым келеді. Алғашқы тақырып ғаламдық деңгейде пайда болған қауіп түрлерінің үдемелі кезеңдеріне әрдайым тиесілі әлеуметтік-экономикалық салдарды зерттеуге бағытталған. Оның құрамына жоғары деңгейде іріктеу процестерін түсіну кіреді, ал оның нәтижесінде ұйымдар өзекті қауіп түрлері (мысалы: терроризм) сияқты белгілі бір даму бағыттарын символдық және саяси қалыптастырып, басқа қауіпті мәселелерге (мысалы: жүйелік кедейлік және құрылымдық зорлық) назар аудармайды. Екіншіден, біз ғаламдық күштердің әлеуметтік феноменге ықпалын олардың талдау шкаласының қандай екендігіне қарамастан алдыңғы қатарға қоюымыз қажет және зерттеу объектісі ретіндегі «әлеуметтік» сипатты ақиқат деп қабылдаудың орнына мәселені зерттеулік тұрғыда қарастыруымыз керек. Үшіншіден, біз космополитизмді жақтайтын эгалитарлы және мәдени плюралистік ұжымдық жобалардағы акторлар мен институттардың қызметін жақсы түсінуге тырысуға тиісті, сонымен қатар, жаһандық өркениетті қоғамда айтарлықтай орын алатын антикосмополиттік, ұлтшыл күштердің әрекеттерін түйіндеу аса маңызды. Төртіншіден, қалыпты талдау бірлігі ретінде тікелей және жанама түрде ұлттық мемлекетті қарастырмайтын мәліметтер жинақтау тәсілдерін және әдіснамалық құралнаманы жасақтауымызға болады. Осылайша, біз ұлттықтың күрделі (супра) немесе әлдеқайда нақтыланған (суб) феномендерін, акторлар мен институттарды (қалалар, өңірлер немесе трансұлттық корпорациялар сияқты) салыстыруға мүмкіндік аламыз. Шын мәнінде, Бек осы заман үшін өте өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жоспар мен әдістерді мұраға қылып қалдырып кетті.

Бекпен екеуіміз соңғы рет желтоқсан айында (2014) Париж қаласында өткен космополиттік ақпараттар мен зерттеу әдістерін зерттеушілер жиынында кездестік. Сол жерде Бек өзінің шығарылғалы жатқан Әлем метаморфозы (Metamorphosis of the World) атты еңбегі туралы қуанышпен хабардар етті. Ол осы жұмысын жаңа әлеуметтік-ғылыми көзқарастар үшін дәйек болатын және біз қазіргі уақытта куә болатын метаморфозды өзгерістерді талдауға болатын әдістер жүйесі болып табылатын іргелі еңбек ретінде таныстырды. Бұл – оның басқаларды шабыттандыратын ойының соңғысы еді және оның зияткерлік шығармашылығының тағы бір көрінісі болатын. Зерттеушілер жиынының соңғы кешінде Париждің орталық көшелерінен жедел алыстап бара жатқан дәстүрлі шағын дәмханада досым екеуіміз кешкі ас іштік. Дәмханадан шыға берісте Бек және оның жары, өте танымал әлеуметтанушы Элизабет Бек-Герншайм екеуі біздің алдымыздан өтіп бара жатты және сол жерден ас ішкен болар. Біз олардың тыныштығын бұзғымыз келмеді, бірақ олар жаққа қарай көз тастап үлгердік. Олар қол ұстасып, Париждің ызғарлы және тұманды кешіне сүңгіп, арасында біртіндеп көзден таса болды. Бұл менің жадымдағы Ульрих Бек туралы ақырғы еске алар бейнем – шексіз ақылды және кең пейілді адамның біздің әлеуметтік өмір көшелерін кезіп жүргендігі. Оның қазасы жеке мен үшін, әлеуметтану және барлық әлеуметтік ғылымдар үшін орны толмас қасірет болып табылады. ■

Хаттарды Фуюки Курасаваға жолдауға болады <kurasawa@yorku.ca>

> Ирландияның экономикалық тығырыққа қарай жолы

Шон О Ризйн, Мэйнут Ирландия Ұлттық Университеті, Ирландия

1 1990-жылдары Ирландия бүкіл әлемге «Кельт Жолбарысы» атымен таныс болды. БАҚ өкілдері таратқан ақпаратта, экспорттың қарқынды өсуі шетел инвестициясы арқылы жүзеге асқан іс болғанымен, тарихи тұрғыда ел ішіндегі жұмысбастылықтың деңгейі жоғары және эмиграциямен байланысты екенін атап өту керек. 1990-жылдардың соңында Ирландия қоғамында экономикалық серпіліс болды, себебі ресурстар, экономикалық, институттық және мәдени байлық бар еді. Ирландия экономикасы тұрақты және даму жолындағы айқын қадамдар жасады, 80-жылдардағы мемлекеттің қомақты қарыздары жабылды.

2008 жылы бұл ресурстар таусылды, қаржы дағдарысы ел экономикасын әлсіретті. 1990 жылдардағы әлемдік либералды ел тарихи тұрғыда әлсіз капитализм тән елег айналды. Осындай драмалық трансформацияға не түрткі болды? Қазіргі капитализмнің үш ұлы қағидасы – қаржыландыру, халықаралық интеграция, «либералды» экономикалық саясат өзара тығыз байланысты, бұл соққы Ирландия үшін ауыр тиді. Біріншіден, 1990 жылдары жаңа өндіріс салалары ашылып, оны мемлекеттік органдар бақылауға алды. 2000-шы жылдарда жылжымайтын мүлік айналасындағы шырғаландар, арзан несиелер, жасанды нарық, коммерциялық объектілер болған. Соңында банк жүйесінің құлдырауы мен банктердің жаппай қарызы қоғамның мойнына артылды.

Екіншіден, Ирландияның қаржыландырылуы қауіпті сипат алды, себебі динамикалы еуропалық интеграцияның динамикасы өзгерді. 1990-шы жылдары еуропалық қоғамдық қорлар тарапынан Ирландияға үлкен инвестиция тартылды. 2000 жылдары жеке меншік несие ағымы экономикадан жоғары тұрды, Ирландия банктері қомақты сомада халықаралық несие берушілерге қарыздар болды. Жүргізілген саясат аясында, Еуропалық Одақ қаржыландыру интеграциясын жүзеге асырды, сондай-ақ бірыңғай валюта ретінде еуроны енгізді. Еуропалық комиссия әлеуметтік және капитал

салымдарын төмендетті. Еуропа болашаққа орасан зор инвестиция салды, әрі қарай алдау-арбау процесі орын алды.

Үшіншіден, ұлттық саясат халықаралық қаржыландыруды Ирландиядағы ішкі қақтығыстар мен қысымға айналдырды. 1990 жылдардың соңында үкімет неолиберализм мен популизмді қолданады, салық мөлшері күрт азайып, мүлікті сату кезіндегі салыққа тәуелді болды. 2008 жылы несие мен жылжымайтын мүлік нарығындағы дағдарыс кезінде күйреді, Ирландияда мемлекеттік қаржы таусылып, одан соң мемлекет саясатын күрт өзгертті, салықты көбейтті және шығындарды қысқартты.

Ирландия тарихында, шындығында, экономикалық либерализм маңызды орын алды, ол ағылшын-америкалық «либералды» капитализм үлгісінің кейбір ерекшеліктеріне ұқсас. Салықты қысқарту мен капиталды өсіру, нарық қорындағы инвестициялық ынталандыру үшін салықтық жеңілдік, банктік реттеу мен «нарықтық механизм» жүйелері Ирландиядағы экономикалық апатқа әкелді.

Әрине, басқа ерекшеліктерді де атаған орынды. Орталықтандырылған мемлекеттік жүйе биліктегі шағын министрлер тобына сенім артты, жабық экономикалық даму, бір мезетте әлсізденген демократиялық басқаруды жеңілдетті. Нарықтық-бюджеттік саясат, басқарудағы қыйтұрқы әрекеттер мен әлсіреген ұлттық саяси база, негізгі қатал экономиканы орнатты.

Мемлекеттің жалпы әл-ауқаты ақшалай төлемге негізделіп, мемлекет тарапынан әмбебап әлеуметтік қызметтерді көрсету қоғам тарапынан қолдаудан айырылды. Бұл саяси факторлар елге ықпал етті, бірақ осы құбылыстардың әрқайсысы – капитализмнің «либералды» әлемінің көрінісі. Ағылшын-америкалық либералды экономика, мемлекеттік және жеке меншік бірлестігінің иерархиясы мен партиялық басқару, бюджеттік дефицитті қолдану мен кірістің ұлғайғандығын көрсетеді. Бұл функциялар «нарық» аспектісі бола алмайды, бірақ либералды



капитализмді дамытады, нәтижесі - шынайы тұрғыда орын алатын либерализмнің жалпы элементтері.

Алты жылға созылған құлдыраудан кейін, Ирландия экономикасы бірқалыпты емес, дегенмен біртіндеп қайта қалпына келуде. Нақты жұмысбастылық деңгейі өсуде, салық түсімі артуда және бюджеттік дефицит төмендеуде. Соған қарамастан, Ирландия даму жолында жоғарыда аталып өткен үш қауіп бар, олар мемлекеттің жағдайын нашарлатуға алып келуі мүмкін. Сол кезде, банктер несиені сұрыптап берді, өндірістік кәсіпорындарға аз көлемде берді, үкімет мемлекеттік инвестициялық банкті құра бастады. Қаржы мен жеке меншік күшейе түсті, жалдамалы сектор күрт өсті, шағын сектор мен үй шаруашылығы саласына қаржылық қысым түсті.

“Еуропа бір кезде болашаққа мықты инвестиция салып еді, енді сонысын міндетсіп отыр”

Алайда, Еуроаймақта қайта даму жолындағы қаржылану мен саяси реакция жеткіліксіз болды. Мүмкін, еуропалық көшбасшылар «қаталдықты» талап еткен болар, әлеуметтік демократиялық Еуропа халықаралық қаржы нарығында өздерін көрсете алды. Бұл мүмкіндіктер елдегі ағымдағы шығындарды қысқарту мен әлеуметтік әл-ауқатты жақсартуды көздеді. Ағымдағы инвестициялық жоспар мемлекеттік органдар аясында жүзеге асады.

Бүгінгі таңдағы Ирландия әлі де салықты азайтуды көздейді – бұл еуропалық және ирландтық экономика саясатына қарсы тұратын күштерге үндеу болып табылады. Бюджетті теңестіру – Еуропалық экономикалық либералдар тактикасы емес, Еуро Одақ социал-демократтарының ісі. Олар әлеуметтік ынтымақтастықты, оның негізінде елдегі жаппай жұмыспен қамту, әлеуметтік қызмет көрсету және тең жалақыны қамтуды көздеді. Еуропалық және ирландтық әдістер, бүгінгі күні бірқатар әлеуметтік қорғаудың көлемі мен түрлерін көрсетеді. Парасаттылыққа, қорғауға және экономикалық, әлеуметтік тиімді әрекетке негізделген ескі социал-демократиялық жобаның қайта жандануына қатысты Еуропалық Одақтағы саяси дебаттар тым ұзақ маргинализацияланды және баяғыда өтіп кетті. ■

Хаттарды Шон О'Риейнге жолдауға болады <Sean.ORiain@nuim.ie>

> Қоғамдық нақтылықты қорғау

Мэри П. Корпоран, Мэйнут Ирландия Ұлттық Университеті, Ирландия



Жаңа азаматтық қоғамның манифестациясы – Дублин маңындағы жер үлестері. Суретті түсірген Мари Коркоран.

Басқа либералдық демократиялар сияқты институттық қоғамдық нақтылық – мемлекет ұсынатын тауарлар мен қызметтерді білім мен қоғамдық БАҚ тарапынан Ирландияда шеттеп қалды. Сонымен қатар, ирландтық қоғам келісімге келу кезінде, мен интерстициялық қоғамдық сала деп атайтын түсінік пайда болғанын байқаймыз. Нарық, мемлекет және азаматтық қоғам арасындағы қатынастардың тепе-теңдігін күшейтетін интерстициялық қоғамдық өмірдің институттық қоғамдық өмірде диффузиялануын көрсететін мағына тән реформаланған республиканы елестетуі мүмкін.

Бейресми қоғамдық сала бірқатар сәтсіздікке ұшырады, оның нәтижесі ретінде материалдық ресурстардан айырылумен қатар қатаң сынға ұшырады. Егер Гэлбрейттің сөзін қолданатын болсақ, бұл – 30 жылдық

«жеке ауқаттылық пен қоғамдық кедейліктің» нәтижесі. Медициналық қызметкерлер, педагогтар мен қоғамдық қызметкерлер, саясаткерлер мен жеке сала көшбасшыларының және БАҚ-тың нысанына айналды. Осыған байланысты 2008-2010 жылдары Энтони Коули Ирландиядағы мемлекеттік сектор тақырыбына арналған БАҚ-тағы ақпаратты талдады. Оның көрсетуі бойынша, БАҚ-тың өртүрлі деректері мемлекеттік секторды жеке секторға оппозиция ретінде ұсынады, мемлекеттік секторды «құн», «ауыртпалық» және «шығынмен» байланыстырса, жеке секторды «инвестиция» және «байлық құрумен» байланыстырады. Біз істің осындай жағдайына соншалықты үйреніп қалғанбыз, оларды қосымша ақпаратсыз қабылдай береміз.

Дағдарыс жылдарынан бұрын Ирландия монетизация және қаржыландыру арқылы қайта құрылды.

>>

Себебі тек құлдырау қоғамдық игіліктер және қызмет секторында ғана болған жоқ. Қоғамдық интеллектуалдар сыни саланы толықтыру өте қиын (кейде ыңғайсыз) болатындығын көрсетті. Кейбіреулердің пайымдауы бойынша, қоғамдық интеллектуалдар ирландтық саяси өмірді және мәдениетті жаулап алған нарықтық фундаментализмнің басымдықта болуына қарсы болды. Қоғамдық интеллектуалдар технократтар оркестріндегі екінші скрипкада ойнады. Бір нәрсені айтқандардың дауысы еленбеді, құлаққа да ілінбеді.

Теократиялық мемлекетте (аса шектелген) католик шіркеуінің гегемондық рөлін ескере отырып, азаматтық қоғам еуропаның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда, әлсіз дамыған және жеткілікті ресурстары жоқ. Елдің мемлекеттен тыс бірнеше беделді институттары бар, олар «қоғамдылық» мәнін құрастыру және қорғау үшін платформаны ұсынды, ол біздің қоғамдық игіліктер және қызметтерге, біздің қоғамдық интеллектуалдарға немесе біздің қалалардағы және ауылдардағы қоғамдық саладан тәуелсіз.

Дағдарысты мүмкіндік ретінде қарастыруға болады. Ирландия экономикалық шығындарды қысқарту, саяси тұрақсыздық және психо-әлеуметтік рефлексия кезеңін бастан кешіруде. Біз «сценарийді жоғалттық», «жарыстан жеңілдік» және өзіміздің экономикалық тәуелсіздігімізді жоғалттық. Бірақ тұрақты және жасампаз болдық – қалаларымыз бен аудандарымызда интерстициялық қоғамдық өмірде өзіндік орнымыз бар екендігін көрсеттік. Біз анимация және жаңарудың куәгерлігін таба аламыз, адамдар өздерінің қоғамдық, азаматтық және әлеуметтік «менін» күнделікті тәжірибелер арқылы өндіріс және айырбас саласында; демократиялық және іс-әрекеттің тура қалпында; виртуалды кеңістік кезеңінің көмегімен көре аламыз. Күнделікті өмірмен үстіртін танысуымыздың

өзі біздің интерстициялық қоғамдық өміріміздегі «әлеует кеңістіктерін» демонстрациялайды, жиі төмендегілерден құралып, белсенді азаматтар тәрбиеленген және азаматтық өзара ықпалдастықта адами қажеттіліктерді негізге алады.

Өндірістік кеңістіктер, соның ішінде қалалық учаскелер және айырбас кеңістіктері сияқты, сонымен қатар фермерлер нарығы соңғы жылдары қалаларда және қаланың жақын аумақтарында дами түсті, бұқаралық тұтынушыларды қозғалысқа келтіріп, адамдарды табиғатпен байланыстырып, қоршаған ортаның мәселелері және тұрақты даму туралы ақпараттандырды. Қоғамдық кітапханалар 21 ғасырда қайта қалпына келтірілді және қазіргі уақытта қоныстанған мекендерде жаңадан қатарға қосылғандардың ирландтық немесе иммигрант деп бөліп қарамай қажеттіліктерін қанағаттандырып, қызмет көрсетудің тамаша үлгісі болып келеді. Полицияның аға офицерінің айтуы бойынша, бүгінгі күні Дублиндегі интеграцияланған орын қоғамдық кітапхана екенін, ал қаланың жаңа шеткі аудандарында Уэст Дублин.

Қоғамдық өмірді қайта жандандыратын әлеуеттің негізінде жүзеге асқан шаралардың мысалдары көп: жыл сайын Лиффиде жүзу, Дублин марафоны немесе Оңтүстік Дублиндегі «қырық фут» деп аталатын ашық шомылу орны қоғамның әртүрлі әлеуметтік жіктеріндегі адамдардың назарын аударып, нарыққа шығудың кішігірім кедергілеріне тап болу мен өзін-өзі айыптаудан құтқаратын ирландтық қуаныштың қоғамдық көрінісіне айналды! Жыл сайын Ирландия бойынша 700-ге жуық фестиваль және басқа іс-шаралар өткізіледі. Бұл кеңістік әлеуеті, еріктілердің күш-жігері және жергілікті халық тарапынан қолдауға негізделе отырып, өнерден, тұтыну өнімдерінен, тарихтан, әуеннен, әдбиеттен және поэзиядан алатын ләззатты көрсетеді.

«Кеңістік аралық» әлеуеті өзінің

құрамына көркем галереяларды, дүкендер мен қойылымдарды (жиі тек елестегі, тоқыраудан қалған орындарды), флэш-мобтар және арзандатып сатуды енгізеді. Осы сияқты импровизацияланған іс-шаралар қоғамдық орындарды жандандыруға, кейбір болжамдарымызды қайта қарауға итермелейді (қайта өңдеу, қайтадан қолдану). Виртуалды кеңістік әлеуеті компьютерлік коммуникациялар арқылы жұмыс жасайды және саяси ұйымдар үшін, кәсіпкерлік қаражат жинау үшін, сонымен қатар динамикалық шығармашылық бірлестіктер үшін мүмкіндік туғызады.

Гэльдік Атлеттік Ассоциация жұмысы – ерікті ұйым, қала маңындағы аймақтарда қауымдастық құруға тырысатындардың ең алғашқы бастау алар орталығы, бірегейлік, қатыстылық және қоғамдық басқаруда маңызды рөл ойнайды. Демократиялық/партиципативті кеңістіктер түрлі бастамаларды біріктіреді, «Болашақты нақтылай отырып» азаматтық қоғам топтарының федерациясы ирланд қоғамының тең құқықты, инклюзиялық және тұрақтылығын қамтамасыз етуді талқылайды; «Ерлер сарайы» атты жоба қарт адамдарға бірге жиналып, араласу үшін, бос уақытты ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады; «Анти-су» тиімді компания ретінде көшелерді жаулап алды. Барлық кеңістік әлеуеттері азаматтық белсенділіктің маңызды бөлігін құрайды, ирланд қоғамының қайта жандануы үшін ықпал ететін, ирландтықтарға экономикадан басқа үлкен мәнді ашып көрсетуге мүмкіндік жасайды. Бұл — сонымен қатар, қоғам жайлы. Қаншалықты интерстициялық қоғамдық шынайылық артады және кең өріс жайылады, институттық қоғамдық шынайылық Республиканы жаңарту сияқты кең жоба аясында үлкен әлеуетке ие болады. ■

Хаттарды Мари Каркоранға жолдауға болады
<Mary.Corcoran@nuim.ie>

> Ирланд әйелдер қозғалысы

Паулин Каллена, Мэйнот Ирландия Ұлттық Университеті, Ирландия



Ирланд әйелдер қозғалысының алғашқы толқыны – британ билігіне қарсы 1916 жылғы Пасха көтерілісіне қатысқан республикалық парамилитаристік әйелдер ұйымы.

Ирландтық патриархаттың тарихы үнемі әйелдер қозғалысының эволюциясымен қатар келеді. Бүгінгі ұлтаралық феминизмнің күрделі кешені отарлық кезеңнен бастау алады. Ирланд әйелдер қозғалысының бірінші толқыны 19 ғасырда лған, әйелдер үшін артықшылықтар британ отарлаушыларының үстемдігі кезінде, 1918 жылдан бастап қамтамасыз етілген. Феминистердің бірінші толқыны ұлттық қозғалыста үлкен рөл ойнады, олардың талаптары кейін, консервативті католиктік постколониялық ирландтық мемлекет құру кезінде шектелген. Екінші толқыны 1970 жылы әйелдерге қатысты зорлық

пен әйелдер құқығы мәселесіне назар аударған радикализм және консолидацияның қысылтаяң кезеңін білдіреді. 1980-шы жылдар болса, керісінше, әлеуметтік консерватизм, жұмыссыздықтың жоғары болуы және эмиграция, ажырасуға, жасанды түсік жасауға конституциялық тыйымдарды қамтыған кезең болды.

Феминистік қозғалыстар 1990-шы жылдары саябырлады, бұл кезеңге орталықсыздану және әйелдер қозғалысының жергілікті қауымдастықтар желісі мен ерікті топтарға ұсақталуы тән. Дегенмен, ажырасудың заңдастырылуы, бір жыныстық қатынастардың қылмыстық болып табылмауы және

>>

жұмыс күштеріне әйелдердің қатысуының кеңеюі феминистік белсенділік пен қоғамдық қатынастардағы өзгерістерді көрсетеді. Осы кезең барысында феминистер бұрынғы мәселелерді табысты шешті, теңдік үшін мемлекеттік қолдауды, жүктіліктен сақтануды заңдастыруды және әйелдер қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етті. Сонымен бірге, еуропалық сот арқылы репродукциялық құқық бойынша сот процесіне назар аударды.

Соңғы кездегі экономикалық дағдарысқа, ирланд мәтініндегі аскетизмді басшылыққа алған Католиктік құқықтың қайта жаңғыруына байланысты жаңа заманауи топтар пайда болды. 2010 жылы жас әйелдерді жұмылдыруға бағытталған Ирландтық феминистік желінің негізі қаланды. Топтар репродукциялық құқықтар үшін қолдауды жұмылдыруды жалғастыруда, бұл мәселелерге дәйекті феминистік ұрпақ саяси сипат беріп келеді. Дағдарыс әйелдер ұжымына да теріс ықпал етуде, гендерлік теңдік пен әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында, сонымен қатар әйелдер мен отбасыларды қолдайтын бағдарламаларға қысқарту сипаты тән. Гендерлік теңдікке пропорционалды емес жағымсыз әсері, экономикалық тоқырау салдарының гендерлік теңдікке қарсы наразылықтарын қамтитын мықты феминистік саяси күшпен қатар келеді.

Ұлы рецессия кезеңі және Ирландияны неолибералды бағыттағы дамыту парадигмасы секілді жаһанды күштер, әлбетте ирланд әйелдері және ирланд феминизмнің тікелей салдары болды, ирланд әйелдер қозғалысында халықаралық күштердің рөлі пікірталас тудырды. Осы кезде кейбір авторлар қозғалысты отандық деп қарастырса, енді біреулері оны халықаралық ресурстарға тәуелді деп есептейді. Еуропалық Одақ (ЕУ) Ирландияның гендерлік саясаты бойынша пікірталастарында маңызды фактор ретінде көбірек сипатталады. 1980-ші және 1990-шы жылдары ЕО, Ирландияда ажырасуға және жасанды түсік туралы заңдарға феминистік топтасуды жалғастырды, ЕО гендерлік теңдік стратегиясы және Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот феминистік қорғау мен гендерлік теңдік үшін мүмкіндіктерді кейін берді. Еуропамен салыстырғанда, ирландтық гендерлік саясат ұлттық саясатқа үндеу тастаған феминистерге айтарлықтай заңдылықтар ұсынды. Бір жағынан, әрине, ішкі ирландтық феминистік әрекет шешуші мәнге ие:

ирландтық гендерлік теңдік саясатының еуропалануы мен айтарлықтай прогреске наразылық, мүдделерді жүргізу және сот істері арқылы қол жеткізді. 2014 жылы гендерлік теңдікке ықпалы бар ирландтық заңнаманың 30-дан астам басшылары ЕО мүшелікке енді. Сонымен бірге ЕО феминистік топтарға жалпы еуропалық әйелдер ұйымының мүшелері ретінде трансұлттық деңгейде жұмыс істеуге мүмкіндікті ұсынды.

Дегенмен, ЕО ирланд қоғамында терең бой алған және кең таралған гендерлік теңсіздіктен шығар жол ұсынбайды: еуропалық деңгейде гендерлік теңдік жалақы табатын әйел жынысты еуропалық азаматтарға бағытталған болып қала бермек. Қазіргі уақытта ЕО бұрынғыға қарағанда, ирланд қоғамында жүргізіліп отырған гендерлік теңдікке мүмкіндіктерді аз береді.


ЕО-тан тыс ирландтық феминистік топтар ұзақ уақыт бойы Ирландия мемлекетіне Әйелдерді кемсітушілікке тойтарыс беру бойынша келісімді және Пекин платформасын қоса алғанда, халықаралық конвенциялар үшін БҰҰ бақылау процестері арқылы қысым көрсетуге тырысты. 2014 жылы Азаматтық және Саяси құқықтар туралы есепте Халықаралық комитет Ирландияға қатысты гендерлік теңдік пен әйелдердің белсенділігін арттыру бағытында жұмыс жасауды ұсынды.

Ирландия экономикалық, саяси және қоғамдық өмірге әйелдердің араласуы тұрғысынан соңғы орынды иеленіп келеді, Ирландияның патриархаттық саяси мәдениетін өзгертуге үндеуі әйелдердің экономикалық, саяси шешім қабылдауға араласуы дәйекті болып қала береді. Десек те, Кельт Барысы кезеңіндегі ирланд экономикасының жетістігі мен әйелдер қозғалысының табысы жаңа мүмкіндіктерді ашты. Бүгінде Ирландияда феминизм күрделі, бейімделген және дифференциацияланған; әлеуметтік, мәдени және саяси мүмкіндіктер алаңында әріптестіктің болуымен сипатталған; сонымен қатар көптеген жергілікті, ұлттық және ұлтаралық қозғалыстармен шатасқан болып сипатталады. Дегенмен, осындай қиын тұста феминистік саяси агенттік гендерлік теңдікті түсіну үшін айрықша маңызды болып қала бермек. ■

Хаттарды Паулина Калленаға жолдауға болады <Pauline.Cullen@nuim.ie>

> Кельттік байланыстар – Ирландияның жаһандық отбасылары

Ребекка Чиеко Кинг-О’Райан, Мэйнут Ирландия Ұлттық Университеті, Ирландия



1 990-2000 жж. аралығындағы иммиграциялық үрдістердің нәтижесінде эмиграциясымен әйгілі болған Ирландия бүгінгі күні – жаһанды ел. 2008 жылғы экономикалық дағдарыс тұсындағы «дүмпу» кезінде Ирландияға көшіп келген иммигранттардың көпшілігі, біз ойлағанымыздай, Польшаға «үйлеріне» болмаса басқа жаққа көшіп кеткен жоқ. Керісінше, көбісі осында қалып, тамырын жайды. Ал 80-жылдары елін тастап, кейін «дүмпу» кезінде қайтып келген ирландтықтардың өздеріне келетін болсақ, олар тек білім ресурстарын ғана әкеліп қойған жоқ, сондай-ақ, шетелдік әріптестерінің жаһандық тәжірибесін, балаларды және трансұлттық байланыстарды алып келді. Бұлардың барлығы Ирландияны коммуникацияның жаһанды орталығы ету үшін жұмыс істеу керек еді.

2011 жылы Ирландиядағы халық санағы бойынша тұрғындардың 17% Ирландияда тұмағандықтарын көрсеткен, бұл 2006 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 25% артқан. Сол 2011 жылы халықтың 12% өздерін ирланд ұлтымен сәйкестендірмейді. Халықтың жалпы санының 85% өздерін «ақпыз» және «ирландтықпыз» деп атаған. Сонымен қатар 2006 жылдан 2011 жылға дейінгі аралықта

Жаһандық сүйіспеншілікке бөленген Ирландия.

тегі азиялық болғанымен, қытайлық емес халықтың үлесі 87% өскен, олардың көпшілігі 40 жастан асқандар. Ирландияның 4,5миллионнан жарты миллионға жуық (514,068) тұрғыны үйлерінде шет тілінде сөйлейді, соның ішінде көбінесе поляк, сосын француз, литван және неміс тілдерінде. Осындай демографиялық өзгерістердің негізінде технологиялар жаңа трансұлттық тәжірибеге енгізілген. Ирландия мен шет елдерде кеңжолақты және сымсыз байланыс мүмкіндіктерінің жылдам таралуы 2012 жылы Ирландияда халықтың 81% әлеммен ғаламтор арқылы байланысуына алып келген, 2008 жылмен салыстырғанда ол 61% болған.

Ирландтық және ирландтық емес халықтардың арасындағы байланыстар мен трансұлттық қатынастардың артуы ирланд қоғамының ішкі және сыртқы қарым-қатынастарына қалай ықпал етті?

Отбасы – өзінің түрлі формаларында бір-бірімен қиылысатын институттардың тоғысы, ол махаббат пен жақындық жайлы мәдени тұрғыдан ұғынуды қалыптастырады, қандай махаббат пен жақын қатынастардың заңды, ал қайсысы заңсыз екендігін

>>

анықтайды. Бұл түсініктер көбінесе эмоциялық мінез-құлық қойылымы сипатында болады. Трансұлттық отбасылар мен эмоциялық тәжірибелер ирландтықтардың күнделікті өмірінде күннен-күнге негізгі мәнге ие болуда. 2011 жылғы халық санағынан ирландтық/ирландтық емес аралас үй шаруашылықтарының бар екендігін білеміз. Бұлар түрлі ұлтты отбасы мүшелері, мысалы, бірге тұратын шығу тегі нигериялық ата-аналары мен олардың ирландтық балалары немесе бір үйде ұжымдасып өмір сүретін әртүрлі елдерден келген достар тобы болуы мүмкін. Осындай «аралас» отбасындағы кейбір этникалық топтар, соның ішінде АҚШ (72%), Ұлыбританиядан (64%) және Нигериядан (77%) келгендердің өмір сүру деңгейлері жоғары.

Ирландияда этникалық/нәсілдік саналуандықтың, аралас ирландтық/ирландтық емес үй шаруашылықтарының және отбасы түрлерінің артуы бұл елде Ульрих Бек «жаһанды отбасы» деп атайтын отбасы мультикультурализмінің тереңдегенін көреміз. Бұл отбасылар әдетте нәсіл аралық, мәдениетаралық, конфессияаралық және көп тілді, Ирландиядан тысқары басқа адамдармен электронды құралдар көмегімен байланысты. 2012 жылы Ирландиядағы ғаламтор-қолданушылардың 29% веб-камера технологиясын бейне байланыс үшін қолданатындығын айтты, осылай трансұлттық пен эмоциялық байланыстар пайда болады және қолдау табады.

Әлеуметтік желілер үшін концентратор ретіндегі өзінің көбеюімен және саналуандығымен көрініс алған отбасылар Ирландияны басқа әлеммен қалай байланыстырады? Жоғарыда атап өткеніміздей, трансұлттық байланыстардың негізгі қозғаушы күштерінің бірі экономикалық емес, сандық технология көмегімен үнемі қолдау табатын эмоциялық және мәдени байланыстар. Ирланд отбасылары үшін Skype веб технологиясын қолдану бір уақытта уақыттық және географиялық қашықтықтарға тиесілі екендігін сездіретін, «трансбайланыс» кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде адамдардың бірнеше сандық технологиялар платформалары (Polymedia) көмегімен эмоциялық әрекеттерін қалай «жүзеге асыруды» қалыптастырады.

Эллиот пен Урри технологияларды кеңінен қолдану адамдардың сезімдерін көрсету үшін технологиялық құрылғылар «банкингімен» (мысалы, мәтіндік хабарламалар мен суреттер) таныстырды – «адам объективті әлемнің көңіл-күйіне, икемдеріне әсер ететін және болашақта нышандар мен ойлау формасы үшін шығарылғанша жеке тәжірибенің осындай аспектілерін сақтайтын «эмоциялық» банкинг әрекетіне тартылдым деп айтуы мүмкін» деп көрсетеді (Э.Эллиотт және Дж.Урри, Мобильді өмір. 2010: 39). Эмоциялық банкингке қосымша бұл трансұлттық отбасылар веб-камераларды үзіліссіз және үнемі қолдану арқылы «эмоциялық ағын» деп аталатын практикаға тартылған.

Skype веб-камерасын қолдану – компьютер экранының алдында бетпе-бет отырып визуалды эффект арқылы дауыспен шақыру ретінде ғана шектелмейді. Одан басқа «ағынды» бейне (видео) немесе фильм ретінде веб-камераны үнемі қолдану күнделікті өмірдің қозғалысына, шуына және күйбеңіне (хаос) минуттар емес, сағаттар арқылы «терезе» ретінде қолданылады. Skype-ты кейде күнде және ұзақ уақыт аралығында қолдану қолданушыға жақындарымен байланыста болуға, эмоциялық қатынастарды нығайтуға және кеңістік пен уақытқа қарамастан бірге екендіктерін сезінуге мүмкіндік береді. Веб-камераны қолдану трансұлттық байланысқан отбасылар үшін уақыт пен кеңістік жағдайларын игеруге және тойтаруға көмектеседі.

Ирландияның жаңа үй шаруашылықтары тек демографиялық құрылымы жағынан өзгеріске ұшыраған жоқ, сонымен бірге отбасы тұрғысынан географиялық деңгейде де өзгеруде. Жаңа технологиялар көмегімен ирланд отбасылары, олармен байланысқан түрлі адамдар жүрген жолдарды өзгертуде – өздерінің сезімдері және жеке өмірлерімен өмір сүруде. ■

Хаттарды Ребекка Кинг-О'Райанға жолдауға болады <Rebecca.king-orain@nuim.ie>